

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство Просвещения Республики Казахстан
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**Орта білім беру ұйымдарында математиканы оқытудың
тұжырымдамалық негіздері**

**Концептуальные основы
преподавания математики в организациях среднего образования**

Астана - 2022

Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (15 қарашадағы 2022 жылғы № 12 хаттама).

Рекомендовано Научно-методическим советом Национальной академии образования им. Б. Алтынсарина (протокол №12 от 15 ноября 2022 года).

Орта білім беру ұйымдарында математиканы оқытудың тұжырымдамалық негіздері. – Астана: Б. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 160 б.

Концептуальные основы преподавания математики в организациях среднего образования. – Астана: НАО имени Б. Алтынсарина, 2022. – 160 с.

Құралда математикалық білім берудің өзектілігі мен маңызы; математикалық білім берудің мақсаты; математикалық білім беру міндеттері мен математикалық білім берудің мазмұны; білім алушылардың халықаралық зерттеулеріне қатысу нәтижелері; Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру қорытындысы (2022 жыл); білім беру деңгейлері бойынша мектепте оқытылатын математика курсының құрылымы мен мазмұны қарастырылды. Сондай-ақ, нормативтік сілтемелер берілген.

Құрал математика пәнінің мұғалімдеріне, әдіскерлерге, математикадан оқу құралдарын әзірлеушілерге арналған.

В пособии рассмотрены актуальность и значение математического образования; цели, задачи и содержание школьного курса математики; проанализированы результаты участия школьников в международных исследованиях, итоги ЕНТ за 2022 год; структура учебных программ и содержание курса школьной математики по уровням образования. Также даны нормативные ссылки.

Пособие предназначено учителям математики, методистам, разработчикам учебных пособий.

© Б. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022

© НАО им. Б.Алтынсарина, 2022

Кіріспе

Қазіргі уақытта отандық мектептің білім беру жүйесіне инновациялық технологиялар мен жаңа тәсілдер қарқынды енгізілуде. Еліміз қоғам қызметінің барлық салалары, оның ішінде инновациялық технологиялар мен жаңа тәсілдерді енгізуді көздейтін «Жаңа Қазақстанды» құруға кірісті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев өзінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында «... білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөлді білім беру жүйесі атқарады... Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін оқытуды барынша күшейту маңызды ...», - деп атап көрсетті [1].

Бүгінгі күнде елдің тұрақты экономикалық және технологиялық дамуын қамтамасыз ететін жеке тұлғаны қалыптастыруда математикалық білімнің рөлі артып келеді.

Көпшілік елде математикалық білім беру мазмұны қайта қаралды. Бұл мазмұн функционалдық сауаттылықты, пәнге бағдарланған тәсілді проблемаға бағдарланған тәсілге көшуге, АКТ- құзыреттілігін дамытуға, пәнаралық байланысты күшейтуге, білім алушылардың математикаға қызығушылығын арттыруға және STEM-білім беруді дамытуға бағытталған.

Мақсаты мектептегі математикалық білім берудің өзекті мәселелерін талқылауға және білім алушылардың математикалық сауаттылығын дамыту жолдарын айқындауға, жоғары білікті педагогтардың, ғалымдардың әлеуетін тартуға бағытталған Қазақстан Республикасының математика мұғалімдері съезінің қарарында (2022 жылдың ақпан айы) «... математикалық білімнің мазмұнын қалыптастырудың негізгі тәсілі мектептегі математика курсының бағдарламасын қиындату емес, әртүрлі өмірлік жағдайларда математиканы практикалық қолдану және мектеп түлегінің болашақ кәсіби қызметі болуы керек; бұл тәсіл, әрине, жеке тұлғаның технологиялық мәдениетінің деңгейін көтеруге ықпал етеді...», - деп атап көрсетілді.

Демек, мектептегі математикалық білім берудің мазмұны нақты процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді құру және түсіндіру дағдыларын дамытуға бағытталуы керек; практикалық қызметте есептерді зерттеу және шешу үшін математикалық әдістерді қолдану; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану; логикалық, аналитикалық, алгоритмдік және сыни ойлауды дамыту және т. б.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында математиканы оқыту кезінде келесі міндеттер айқындалды: қолданыстағы оқу бағдарламаларының базалық деңгейін сақтау; «оқушыдан математикаға» принципінен «оқушыларға арналған математикаға» көшуді жүзеге асыру; оқушылардың ойлау логикасын, математикалық тілін, сауатты сөйлей білу, жазу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау дағдыларын дамыту; әлемді танудағы математиканың рөлін анықтау және түсіну, логикалық пайымдау және әртүрлі жағдайларда математикалық есептердің тұжырымы мен шешу жолдарын түсіндіру, әртүрлі контексттерде

математикалық модельдерді түсіндіру мен қолдану және т. б. біліктерге ие болатындай білім алушылардың математикалық сауаттылығын одан әрі дамыту.

Сонымен қатар, мектепте математикалық білім беруде метапәндік және пәндік нәтижелерге негізделуі, математиканың практикалық маңыздылығы ескерілуі тиіс.

Жұмыс келесі бөлімдерден тұрады:

– «Орта білім беру ұйымдарында «Математика», «Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздерінің мақсаттары мен міндеттері. Бұл бөлімде математикалық білім берудің өзектілігі мен маңызы; математикалық білім берудің мақсаты; математикалық білім беру принциптері және математикалық білім берудің мазмұны туралы жазылды;

– «Орта білім беру ұйымдарындағы математиканың қазіргі жағдайын талдау». Бөлімде білім алушылардың TIMSS (4-сынып: 2007, 2011, 2015, 2019 жылдар; 8-сынып: 2011, 2015, 2019 жылдар), PISA (15 жастағы оқушылар: 2009, 2012, 2018 жылдар) халықаралық зерттеулеріне қатысу нәтижелері; түлектердің Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру қорытындысы (2022 жыл) талданды;

– «Математика», «Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» пәндерінің құрылымы мен мазмұны». Бұл бөлімде мектепте қарастырылатын математика курсының құрылымы мен мазмұны білім деңгейлері бойынша қарастырылды.

Сондай-ақ, материалды жазу барысында қолданылған нормативтік сілтемелер берілген.

Нормативтік сілтемелер

Материалды дайындау барысында келесі құжаттарға сілтемелер жасалған:

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (2022 жылғы 14 шілдедегі берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы).

1 Орта білім беру ұйымдарында «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздерінің мақсаттары мен міндеттері

Математикалық білім беру үздіксіз білім беру жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Математика оқу пәнін игеру барысында дамитын математикалық білім мен интеллектуалдық қасиеттер адам қызметінің барлық саласында қолданылады. Орта мектепте оқытылатын әр пән тәрізді математикалық білім берудің өзіндік ерекшеліктері бар.

Орта мектеп білім берудің үш деңгейін, яғни бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейлерін қамтиды [2].

Білім берудің әр деңгейінде жеке тұлғаны дамытумен қатар математикалық білім берудің нақты мақсаттар анықталған: бастауыш білім беру деңгейінде базалық дағдылары, әсіресе есептеу дағдылары; негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде заманауи математикалық білім берудің базалық деңгейін білдіретін математикалық білім жүйесі қалыптастырылады.

Мектептегі математикалық білім:

– қазіргі әлемде бағыт-бағдар жасауға, болашақ кәсіби қызметке дайындауда, білім алуды әрі қарай жалғастыру үшін қажетті нақты білімді игеруге;

– логикалық, аналитикалық, алгоритмдік, және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға;

– математиканың практикалық маңыздылығын түсінуге;

– дүниетанымды қалыптастыруға (ғылыми және қолданбалы есептерді шешу үшін математиканы қолдану т.б.);

– жалпы адамзаттық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

Математикалық дайындықтың рөлі мектептегі *математикалық білім берудің келесі мақсаттарын* анықтайды:

– практикалық қызметте қолдану, сабақтас пәндерді игеру, білім алуды әрі қарай жалғастыру үшін қажетті нақты математикалық білімді игеру;

– білім алушылардың интеллектуалды дамуы, математикалық іс-әрекетке тән және қоғамда толыққанды өмір сүру үшін қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру;

– математика туралы шындықты сипаттау формасы және тану әдісі ретінде математиканың идеялар мен әдістері бойынша түсініктерді қалыптастыру;

– жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде математика, адамзат өркениеті мен қазіргі қоғамның дамуындағы математиканың маңыздылығы туралы идеяларды қалыптастыру;

– тұрмыста, практикада қажетті математикалық білімі мен дағдылары бар сауатты азаматты қалыптастыру;

– білім алшылардың бір бөлігі жоғары мектепте оқуға дайын болуы;

- өзіндік логикалық ойлауы, талдау, салыстыру, жалпылау, дұрыс қорытынды шығару және жалғанды анықтау дағдыларын дамыту (;
- білім алушының сыни ойлауын қалыптастыру.

Математикалық білім берудің мақсаты екі аспектімен анықталады: практикалық, яғни математиканы оқыту адамға өзінің іс-әрекетінде қажетті дағдыларды қалыптастырады; рухани, яғни әлемді танудың математикалық әдістерін игеру.

Білім берудің әр деңгейі бойынша нақты мақсаттарды неғұрлым толық түсіндіруді оқыту әдістемесінен алуға болады, өйткені ол өзара байланысты ең өзекті үш сұраққа жауап береді:

1. Математиканы не үшін оқыту керек?

2. Математиканың теориялық негіздерінен нені (мазмұны) және қандай ретпен, қандай тәртіппен оқу керек?

3. Математиканы қалай үйрету керек?

Бірінші сұрақ – соңғы нәтижені және осы нәтижеге қол жеткізудің негізгі бағыттарын анықтайтын мақсатты компонент. Екінші сұрақ математика саласындағы бейімделген әлеуметтік-тарихи тәжірибені білдіретін мазмұнды компонент болып табылады, оны білім алушылар оқу процесінде игеруі керек. Үшінші сұрақ – оқыту әдістерін, формалары мен құралдарын анықтайтын пәндік-процессуалдық компонент.

Математиканы оқыту барысында мемлекеттік жалпыға міндеті білім беру стандартында жазылған базалық құндылықтар басшылыққа алынуы тиіс [3].

Пәнді оқыту барысында жүзеге асырылатын *құндылықтар*:

1) *қазақстандық патриотизм және жауапкершілік.*

Математиканы зерделеудегі патриотизм қазақстандық ғылымның тарихын, оның жетістіктері мен әлемдік қоғамдастық аясындағы жаңалықтарын зерделеу арқылы көрінеді. Математиканы оқу кезінде патриотизм мен жауапкершілікті қалыптастыру танымдық тапсырмаларды қарастыру арқылы жүзеге асырылады;

2) *құрмет.*

Адамның қадір-қасиетін мойындауға негізделген құрметпен қарау және қабылдау. Математиканы оқу кезінде құрметке тәрбиелеу білім беру мазмұны, оқыту әдістері мен формалары арқылы, кездейсоқ пайда болған және арнайы құрылған тәрбиелік жағдайларды пайдалану арқылы, мұғалімнің тұлғасы арқылы жүзеге асырылады;

3) *ынтымақтастық.*

Бұл шағын топтарда білім алушылардың бірлескен қызметін ұйымдастыру, осылайша білім алушының коммуникациясы мен толеранттылығы қалыптасады;

4) *еңбек және шығармашылық.*

Математиканы оқу барысында еңбекқорлық пен шығармашылыққа баулу пәннің оқыту және тәрбиелеу әлеуеті арқылы жүзеге асырылады. Бұл қасиеттер мақсатқа жетудегі табандылық, ерік-жігер, бастама сияқты құнды қасиеттер пайда болатын негіз ретінде қызмет етеді;

5) *ашықтық.*

Бұл адамның тұлғааралық қатынастарға да, өзгерістерге де, жаңаға да қаншалықты сезімтал екенін көрсететін қасиет. Математиканы оқу барысында тұлғааралық ашықтықты қалыптастыру және дамыту білім алушылар арасындағы, мұғалім мен білім алушы арасындағы қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылады. Өзгерістерге және жаңаға ашықтық мұғалімнің пәнді оқуға ойластырылған ынталандыруы арқылы қалыптасады;

б) *өмір бойы білім алу.*

Бұл құндылық математиканы оқытудағы сабақтастықты – математиканы оқыту деңгейлері арасындағы тығыз байланысты жүзеге асыруға, білім беру процесінің тұтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ өмір бойы даму мен жетілдіру үшін қажетті кең спектрлі дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін жағдайларды түсіну арқылы үйренеді.

Мектептегі математикалық білім берудің мазмұнын таңдау кезінде келесіге назар аудару қажет:

– мектептегі барлық оқу жылдарында математиканы оқуды қамтитын үздіксіздік;

– отандық математикалық біліммен және жинақталған әлемдік тәжірибені есепке алуды көздейтін сабақтастық;

– білім алушыларға оқу барысында олардың жеке ерекшеліктеріне (деңгейлік саралау) сәйкес әртүрлі деңгейдегі математикалық даярлықты алуға мүмкіндік беретін және жоғары деңгейде математикалық білім беру түрін таңдау мүмкіндігін көздейтін саралау (бейіндік саралау);

– білім беру мазмұнын іріктеу (оқытуды ұйымдастыру) кезінде АКТ-ның дидактикалық мүмкіндіктерін есепке алуды және оларды пайдаланудың педагогикалық мақсаттарын нақты айқындауды көздейтін білім беруді цифрландыру;

– мазмұнның білім алушының «өзекті» және «жақын» даму аймақтарын қамти отырып, оқу мақсаттары таксономиясының барлық деңгейлерінің талаптарына сәйкестігі;

– практикалық және қолданбалы бағыттар. Ол оқу материалының практикалық маңыздылығы мен өмірмен байланысының аспектілерін күшейтуді, оқу пәндерінің қолданбалы мазмұнын қалыптастыруды көздейді;

– ұлттық құндылықтар идеяларын есепке алу;

– білім беру мазмұнын білім алушылардың икемді дағдылары мен жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттау.

Бұл ретте білім беру мазмұны:

- оқушылардың нәтижелі математикалық іс-әрекетіне (зияткерлік құрамдас бөлігі) ықпал етуі;

- оқушылардың деңгейлік және бейіндік даярлығының шарттарына және оқытуды дараландыруға байланысты (ұйымдастырушы құрамдас бөлігі) барлық оқушылардың математика бойынша бағдарламалық білімдерін меңгеруін ұйымдастыруы; -

- оқушылардың оқудың әрбір кезеңінде (танымдық құрамдас бөлігі) математиканы оқуға қызығушылық танытуына жағдай жасауы;

- оқушылардың білім алу мақсатымен оқыту бағытын және болашақ мамандықты дұрыс таңдау (бақылау-болжау компоненті);

- мектепте оқытылатын басқа пәндерімен (пәнаралық байланыс) байланысу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс [4].

Математикалық білім берудің мазмұны мектеп математика курсының мазмұндық құрылымын береді: сандар жиынды және олардың қолданылатын амалдар; шамалар мен олардың өлшемдері; өрнектер мен олардың түрленулері; функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері; теңдеулер мен теңсіздіктер, олардың жүйелері; геометриялық фигуралар, олардың қасиеттері, шамаларды өлшеу; математикалық анализ элементтері; математикалық статистика және ықтималдықтар теориясының элементтері.

1-4 сыныптардағы математика курсы күнделікті өмірге қажетті практикалық дағдыларды игеруге ықпал етуге арналған және математиканы одан әрі зерттеудің негізі болып табылады, логикалық дамуға және алгоритмдерді қолдану қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Алгебра математикадан, саралас пәндерден, қоршаған ортамен байланысты есептерді шешуге арналған математикалық аппаратты қалыптастыруға бағытталған. Алгебра тілі нақты әлемнің математикалық модельдерін, процестері мен құбылыстарын құру үшін математиканың жасанды тіл ретіндегі маңыздылығын анықтайды; математикалық өрнектерді құру ережелеріне, әртүрлі сипаттағы өрнектерді (рационалды, иррационалды, тригонометриялық және т.б.) түрлендіру әдістеріне, сәйкес теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуге назар аударуды қамтиды.

Геометрия – математикалық білім берудің маңызды компоненттерінің бірі, кеңістік туралы нақты білім мен іс жүзінде маңызды дағдыларды игеру, қоршаған әлем объектілерін сипаттау тілін қалыптастыру, кеңістіктік қиял мен интуицияны дамыту, оқушылардың эстетикалық тәрбиесі үшін қажет. Геометрияны оқыту көрнекілік пен логика арасындағы оңтайлы және дидактикалық негізделген тепе-теңдікті орнатуды қамтиды.

Математикалық анализ элементтері оқушылардың әртүрлі процестерді сипаттау және зерттеу үшін маңызды математикалық модель ретіндегі функциялары оқиды, оқушылардың өркениет пен мәдениеттің дамуындағы математиканың рөлі туралы түсініктерін қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл бөлімде дифференциал және интеграл ұғымдары қарастырылады.

Статистика элементтері мен ықтималдық функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін қажет – әр түрлі формада ұсынылған ақпаратты қабылдау және талдау, көптеген нақты тәуелділіктердің ықтималдық сипатын түсіну, шешім қабылдау үшін қарапайым болжамдар жасау.

Мектеп курсында оқытылатын математиканың мазмұны келесі кестеде келтірілген.

Мектепте оқытылатын математика мазмұнының сыныптар бойынша берілу үлгісі

Сынып	Сандар, шамалар, арифметикалық амалдар	Алгебра	Геометрия	Математикалық модельдеу және математикалық анализ	Жиын. Комбинаторика. Ықтималдықтар теориясы
1	<ul style="list-style-type: none"> ✓ 20-ға дейінгі сандар ✓ Шамалар 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Арифметикалық амалдардың компоненттері ✓ Санды өрнек ✓ Өріпті өрнек ✓ Теңдік ✓ Теңсіздік ✓ Теңдеу 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Геометриялық фигуралар ✓ Фигураларды кескіндеу 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Мәтінді есептерді бір амалмен шығару 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жиын ✓ Логикалық есептер ✓ Кестелер, пиктограммалар, диаграммалар
2	<ul style="list-style-type: none"> ✓ 100-ге дейінгі сандар ✓ Шамалар 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Санды өрнек ✓ Бір әріппен берілген әріпті өрнек ✓ Теңдік ✓ Теңсіздік ✓ Теңдеу 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Бұрыш ✓ Көпбұрыш ✓ Сынық 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Өзара кері есептер ✓ Мәтінді есептерді екі амалмен шығару ✓ Шамалардың тәуелділігі берілген мәтінді есептер 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жиын ✓ Логикалық есептер ✓ Кестелер, диаграммалар
3	<ul style="list-style-type: none"> ✓ 1000-ға дейінгі сандар ✓ Шамалар 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Санды өрнек ✓ Екі әріппен берілген әріпті өрнек ✓ Теңдік ✓ Теңсіздік ✓ Теңдеу 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Шенбер ✓ Дөңгелек 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Мәтінді есептерді 2-3 амалмен шығару ✓ Кері есептерді құрастыру, талдау және шығару 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жиын ✓ Логикалық есептер ✓ Кестелер, диаграммалар
4	<ul style="list-style-type: none"> ✓ 1 000 000-ға дейінгі сандар ✓ Үлес ✓ Шамалар 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Санды өрнек ✓ Үш әріппен берілген әріпті өрнек ✓ Теңдік ✓ Теңсіздік ✓ Теңдеу 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Куб ✓ Тікбұрышты параллелепипед ✓ Үшбұрыштар 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Шамалардың тәуелділігі берілген мәтінді есептер ✓ Қозғалыс графигі 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жиын ✓ Логикалық есептер ✓ Кестелер, диаграммалар
5	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Натурал сан және нөл саны ✓ Жай бөлшек ✓ Ондық бөлшек ✓ 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сандардың бөлінгіштігі ✓ Процент ✓ Арифметикалық амалдардың компоненттерінің негізінде теңдеулерді шығару 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Бұрыш 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Арифметикалық амалдардың компоненттерінің негізінде, санның бөлшегін, бөлшегі бойынша санды табуға; бөлшектерге; бірлескен жұмысқа мәтінді есептерді шығару 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жиын ✓ Статистика
6	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Бүтін сан ✓ Рационал сан 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Пропорция ✓ Алгебралық өрнектер 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Координаталық жазықтық 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ пропорция көмегімен; 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Статистика ✓ Комбинаторика

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу, айнымалысы модуль таңбасының астында берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу ✓ Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік, айнымалысы модуль таңбасының астында берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік ✓ Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Центрілік симметрия ✓ Осьтік симметрия 	<p>бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер арқылы, рационал сандарға мәтінді есептерді шығару</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Масштаб 	
7		<ul style="list-style-type: none"> ✓ Бірмүше ✓ Көпмүше ✓ Санның дәрежесі ✓ Қысқаша көбейту формулалары ✓ Алгебралық бөлшек ✓ Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі ✓ Санның стандарт түрі 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Геометрияның алғашқы мәліметтері ✓ Үшбұрыштар ✓ Түзулердің өзара орналасуы ✓ Шеңбер. ✓ Геометриялық салулар 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Функция. Функция графигі ✓ Функцияның түрлері: $y = kx$ $y = kx + b$ $y = x^2$, $y = x^3$, $y = \frac{1}{x}$, 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Статистика
8	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Иррационал сан ✓ Нақты сан 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Квадрат теңдеу ✓ Бөлшек-рационал теңдеу ✓ Квадрат теңсіздік ✓ Бөлшек-рационал теңсіздік 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Көпбұрыштар. (Төртбұрыштар) ✓ Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар ✓ Пифагор теоремасы ✓ Аудан ✓ Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі ✓ Шеңбердің теңдеуі ✓ Түзудің теңдеуі 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Функцияның түрлері: $y = ax^2$, $y = \sqrt{x}$, $y = a(x - m)^2$, $y = ax^2 + n$, $y = a(x - m)^2 + n$, $y = ax^2 + bx + c$, $a \neq 0$ ✓ квадрат теңдеу және бөлшек-рационал теңдеулер арқылы мәтінді есептерді шығару 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Статистика

9		<ul style="list-style-type: none"> ✓ Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер, олардың жүйелері ✓ Екі айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер, олардың жүйелері ✓ тізбектер 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жазықтықтағы векторлар ✓ Үшбұрыштарды шешу ✓ Шеңбер. ✓ Дұрыс көпбұрыштар ✓ 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер; Арифметикалық/геометриялық прогрессияларға мәтінді есептер шығару 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Комбинаторика ✓ Ықтималдық
10		<ul style="list-style-type: none"> ✓ Тригонометриялық теңдеулер ✓ Тригонометриялық теңсіздіктер 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Стереометрия аксиомалары ✓ Кеңістіктегі параллельдік ✓ Кеңістіктегі перпендикулярлық ✓ Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар ✓ Сфера теңдеуі ✓ Жазықтық теңдеуі ✓ Кеңістіктегі түзудің теңдеуі 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Функция графигін түрлендіру ✓ Тригонометриялық функциялар ✓ Кері тригонометриялық функциялар ✓ Функцияның шегі және үзіліссіздігі ✓ Туынды. ✓ Туындыны қолдану 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Ықтималдық
11		<ul style="list-style-type: none"> ✓ n-ші дәрежелі түбір ✓ Санның логарифмі ✓ Көрсеткіштік теңдеу ✓ Көрсеткіштік теңсіздік ✓ Логарифмдік теңдеу ✓ Логарифмдік теңсіздік ✓ Иррационал теңдеу ✓ Иррационал теңсіздік 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Көпжақтар ✓ Айналу денелері ✓ Геометриялық денелердің ұқсастығы мен комбинациялары 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Дәрежелік функция ✓ Көрсеткіштік функция ✓ Логарифмдік функция ✓ Алғашқы функция және интеграл 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Ықтималдық

2 Орта білім беру ұйымдарындағы математиканың қазіргі жағдайын талдау

Орта мектепте математика 1-11 сыныптар аралығында оқытылады. Атап айтқанда сыныптар бойынша келесі пәндер оқытылады:

- 1-6 сыныптар – «Математика»,
- 7-9 сыныптар – «Алгебра», «Геометрия»,
- 10-11 сыныптар – «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» [3].

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына сәйкес бастауыш білім беру деңгейінде математиканы оқуға 4-5 сағат, негізгі орта білім беру деңгейінде 5 сағат; жалпы орта білім беру деңгейінде қоғамдық-гуманитарлық бағытта 4 сағат және жаратылыстану-математикалық бағытта 6 сағат бөлінген [5].

Математикаға қызығушылық пен қабілет танытатын оқушылар үшін математиканы тереңдетіп оқытатын мектептер (сыныптар) ұйымдастырылған (8-11 сыныптар), сағат саны 8-9 сағатты құрайды [5].


«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес 9 (10) сыныптардың білім алушылары математикадан (алгебрадан), 11 (12) сыныптардың білім алушылары алгебра және анализ бастамаларынан емтихан тапсырады.

Білім алушылардың математика бойынша жалпы білім беру дайындығының жай-күйіне халықаралық зерттеулер мен Ұлттық бірыңғай тестілеудің (2022) нәтижелері бойынша сипаттама жасайық.

Еліміздің төртінші сынып оқушылары TIMSS халықаралық зерттеуіне 2007 жылдан бері қатысып келеді

TIMSS халықаралық зерттеулерінің мақсаты – әртүрлі білім беру жүйелері бар елдердегі бастауыш сынып оқушыларының математикалық дайындығын салыстырмалы бағалау, білім алушылардың жетістіктерінің әртүрлі деңгейлерін анықтайтын білім беру жүйелерінің ерекшеліктерін анықтау.


Бүгінгі күнге дейін 4-сынып оқушылары TIMSS халықаралық зерттеулеріне барлығы төрт рет қатысқан: 2007, 2011, 2015, 2019 жылдар. Осы жылдарда білім алушылардың зерттеулерде алған нәтижелері 1-суретте көрсетілген [6].



1-сурет. Математика бойынша нәтижелер

1-суретте көріп отырғандай 4-сынып білім алушылары төрт жылы да математикадан TIMSS шәкілінің орташа мәнінен (500 балл) жоғары нәтижелер көрсеткен. Сонымен қатар, зерттеу циклдары бойынша білім алушылардың жетістіктерін салыстыру 2019 жылы көрсеткіштердің 2011 жылға қарағанда 11 балға өскенін көрсетті. 2019 жылы математика бойынша 4-сынып оқушыларының орташа нәтижесі 512 балды құрап, 58 елдің арасында 31-ші орынған ие болған.

Тапсырмалардың орындалуын циклдарға қатысты зерделейік: төмен, орташа, жоғары, ілгері (2-сурет).



Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер (IEA 2007, 2011, 2015, 2019)

2-сурет. Циклдар бойынша тапсырмаларды орындаудағы төртінші сынып оқушылары үлесі (%)

2-суретке сәйкес, 2011 жылы математикадан қиындық деңгейі төмен тапсырмалар 4-сынып оқушыларының 88% -ы, ал 2019 жылы 95%-ы көрсеткен. Осындай өзгеріс циклдың орташа деңгейінен де байқалады (2011 жылы 62%, 2019 жылы 71%). Басқа екі деңгей (жоғары, ілгері) бойынша жоғарылау немесе төмендеу бағытында мәнді айырмашылықтар байқалмайды. Төрт жылда да ілгері деңгейдегі тапсырмаларды орындауда оқушылардың үлесі төмен (5%-19%).

Енді мазмұндық салалардағы жетістіктерді зерделейік. 4-сыныптарға арналған TIMSS тапсырмаларының мазмұндық аймақтары үш негізгі компонентті құрайды: «Сандар», «Геометриялық фигуралар мен өлшемдер»,

«Деректер». Әрбір мазмұндық аймақ жеке тақырыптық бөлімдерден тұрады, оларда тест тапсырмалары пайыздық қатынаста берілген (1-қосымша).

«Сандар» бөлімінің (50%) есептері үш түрге бөлінген: «Натурал сандар және нөл» (25%), «Бөлшектер және ондықтар бөлшектер» (10%), «Өрнектер, қарапайым теңдеулер мен қатынастар» (15%).

«Геометриялық фигуралар мен өлшемдер» бөлімінің (30%) есептері екі түрден тұрады: «Нүктелер, сызықтар мен бұрыштар» (15%), «Екіөлшемді және үшөлшемді фигуралар» (15%).

«Деректер аймағы» бөлімінің (20%) есептері екі түрге бөлінген: «Оқу, түсіндіру және ұсыну» (15%), «Есептерді шешу үшін деректерді қолдану» (5%).

Әр жылға қатысты білім алушылардың мазмұндық салалар бойынша алған нәтижелері 3-суретте көрсетілген.



Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер (IEA, 2007,2011,2015,2019)


3-сурет. Циклдары бөлінісінде математиканың мазмұндық салалары бойынша 4-сынып білім алушыларының нәтижелері

Рейтингтің көшбасшы елдерінің нәтижелерімен салыстырғанда білім алушыларымыздың айтарлықтай артта қалуы байқалады. Яғни, «Сандар» бөлімінің тапсырмалары бойынша 70-тен 112 балға, «Геометриялық фигуралар мен өлшемдер» бөлімінің тапсырмалары бойынша 95-тен 107 балға, «Деректер» бөлімі бойынша 121-ден 132 балға аралықты құрайды.

TIMSS циклдары бойынша көрсеткіштерін талдау еліміздің 4-сынып оқушыларының «Сандар» мазмұндық саласының тапсырмаларын неғұрлым табысты орындағанын айғақтайды. Сонымен, төртінші сынып оқушылары арифметикалық амалдарды, әсіресе натурал сандарды жақсы біледі, ал «Геометриялық фигуралар мен өлшемдер» және «Деректер» мазмұндық аймағында жауаптарды түсіндіру дағдыларын қажет ететін тапсырмаларды орындауда қателік жіберген.

Оқушылардың көпшілігі орташа және төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындаған. Математикадан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындаған оқушылар үлесі 5%-дан аспайды. 4-сынып оқушыларының 5%-дан астамы математикадан төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындай алмаған.

Келесі танымдық салалардағы жетістіктерді қарастырайық. Циклдар бөлінісінде математиканың танымдық салалары бойынша 4-сынып оқушыларының нәтижелері 4-суретте көрсетілген.



Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер (IEA, 2007,2011,2015,2019)


4-сурет. Циклдар бөлінісінде математиканың танымдық салалары бойынша нәтижелер

Цикл бөлінісінде танымдық салалар бойынша оқушылардың нәтижелерін талдау 2011 жылмен салыстырғанда барлық үш сала бойынша орташа балдың өскенін көрсетеді. Бұл ретте оқушылар 2019 жылы да, 2007 жылы да «Қолдану» танымдық саласында ең жоғары балл көрсетті. Сонымен қатар, төрт жылдағы TIMSS зерттеулерінің нәтижелері бойынша үш сала арасында айтарлықтай алшақтық жоқ.

2019 жылы математика бойынша танымдық құзыреттілік тұрғысынан 4-сынып оқушылары «Қолдану» тапсырмалары бойынша неғұрлым табысты нәтижелерді (514 балл), «Пайымдау» тапсырмалары бойынша ең аз табысты нәтижелерді (507 балл) көрсеткен.

Негізгі орта білім беру деңгейінде қорытынды аттестаттау жүргізіледі. Қорытынды аттестаттауда тапсырылатын негізгі пәндердің бірі «Алгебра» пәні. Сонымен қатар, негізі орта білім беру деңгейінде 8-сынып оқушылары TIMSS, 15 жастағы білім алушылар PISA халықаралық зерттеулеріне қатысады.


Қазақстанның сегізінші сынып оқушылары TIMSS халықаралық зерттеуіне үш рет қатысты: 2011, 2015, 2019 жылдар. Осы жылдарда білім алушылардың зерттеулерде алған нәтижелері 5-суретте көрсетілген [7].



5-сурет. 8-сынып білім алушыларының математика бойынша нәтижелер

TIMSS-2019-дағы білім алушылардың көрсеткіштері 2011 жылғы қатысушылардың нәтижелерімен салыстырғанда 1 балға артық. Сонымен қатар, оқушылардың 2019 жылғы орташа балы 2015 жылғы көрсеткіштерімен салыстырғанда орташа балмен салыстырғанда 40 балға төмен.

Енді қиындық деңгейлері бойынша тапсырмалардың орындалуын қарастырайық. 6-суретте циклдар (%) бойынша математикадан қиындық деңгейлері бойынша сегізінші сынып оқушыларының үлесі көрсетілген.




Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есеп (IEA, 2011, 2015, 2019)

6-сурет. Циклдар бойынша математикадан қиындық деңгейлері бойынша 8-сынып білім алушыларының үлесі (%)

Оқушылардың көпшілігі орташа және төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындаған. Математикадан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындаған 8-сынып оқушыларының 5% - дан аспайды, ал оқушылардың 15%-ы төмен деңгейдегі тапсырмаларды орындай алмады. Тапсырмалардың қиындық деңгейлеріне қарай 8-сынып білім алушыларының 2019 жылғы қорытындысын 2011 жылдың нәтижелермен айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Сонымен қатар, TIMSS-2019-да жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындаған 8-сынып оқушыларының үлесі 2% - ға өскен, ал орта деңгейдегі тапсырмаларды орындаған оқушылардың үлесі 2%-ға төмендеді. Қалған қиындық деңгейлері бойынша тапсырмаларды орындаған оқушылардың үлесі 2011 жылдың деңгейінде қалған. 2015 жылмен салыстырғанда 2019 жылы барлық қиындық деңгейлері бойынша оқушылар үлесінің айтарлықтай төмендеуі байқалады.

Әрі қарай 8-сынып білім алушыларының мазмұндық салалар бойынша тапсырмаларды орындау нәтижелерін қарастырайық (7-сурет).




Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер (IEA, 2011, 2015, 2019)

7-сурет. Циклдар бөлінісінде математиканың мазмұндық салалары бойынша 8-сынып білім алушыларының нәтижелері

2019 жылы 2011 жылдың нәтижелермен салыстырғанда 8-сынып оқушылары «Деректер және ықтималдық» және «Сандар» мазмұндық салалардың тапсырмаларын орындау нәтижесі сәйкесінше 18 балға және 3 балға артқан. Сонымен қатар, TIMSS 2019-мен салыстырғанда «Алгебра» және «Геометрия» мазмұндық салалары бойынша орташа балл сәйкесінше 2 балға және 5 балға төмендеген. Төмендеді. TIMSS зерттеу циклдары бойынша математиканың мазмұндық салалары бойынша 8-сынып білім алушылары тек қана «Алгебра» бөлімінің тест тапсырмаларын орындау кезінде TIMSS шкаласының орташа мәнінен (500 балл) жоғары нәтижелерді көрсеткен. Сонымен қатар, 2015 жылмен салыстырғанда барлық төрт мазмұндық сала бойынша 2019 жылы көрсеткіштер айтарлықтай төмендегенін байқаймыз.

Енді білім алушылардың танымдық салалардағы жетістіктерін қарастырайық. Математиканың танымдық салалары бойынша 8-сынып оқушыларының цикл бойынша нәтижелері 8-суретте көрсетілген.



Дереккөз. TIMSS зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық есептер (IEA, 2011, 2015, 2019)

8-сурет. Циклдар бөлінісінде математиканың танымдық салалары бойынша 8-сынып оқушыларының нәтижелері

TIMSS-2019 8-сынып оқушыларының алдыңғы циклдармен салыстыра отырып, танымдық салалар бойынша нәтижелерін талдау 2011 жылмен салыстырылатындығын және 2015 жылғы нәтижелерден едәуір артта қалғандығын көрсетеді. Бұл жағдайда әр цикл ішіндегі үш цикл арасындағы балдарда шамалы айырмашылығы бар. Мәселен, 2011 жылы алшақтық 2-ден 7 баллға дейін, 2015 жылы 2-ден 8 баллға дейін және 2019 жылы 1-ден 2 баллға дейін болды.

PISA халықаралық зерттеулерінің нәтижелерін талдау

PISA халықаралық зерттеулеріне қазақстандық 15 жастағы оқушылар үш рет қатысты: 2009, 2012, 2018 жылдар.


PISA білім алушылардың алған білімдерін қаншалықты түсінетінін және оларды мектепте де, одан тыс жерлерде де таныс және бейтаныс жағдайларда

қолдана алатынын бағалайды; математикалық пайымдауды және құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжау үшін математикалық ұғымдарды, фактілер мен құралдарды қолдануды қамтиды.

Сұрақтардың көпшілігі мәселені шешу үшін математикалық қабілеттер маңызды болатын нақты контексттерге негізделген. Бұл математиканың күнделікті өмірдегі рөлін түсіну үшін маңызды. Математикалық дайындықтың дәстүрлі оқыту жүйелері мен мониторингтік зерттеулеріне тән типтік емес оқу міндеттері, ал белгілі бір контексте ұсынылған және білім алушыға қол жетімді математика құралдарымен шешілетін нақты әлемге жақын проблемалық жағдайлар ұсынылады. Егер білім алушылар мұны білетін болса, онда олар өмір бойы өздерінің математикалық білімдері мен дағдыларын пайдалануға әлдеқайда дайын болады.

Математикалық сауаттылықтың тұжырымдамалық аймағы үш құрылымдық компоненттен тұрады: нақты әлемде туындайтын есептің немесе мәселенің контексті; есепті шешу үшін қолдануға болатын математикалық білімнің мазмұны; оқушылар есептің шешімін табу үшін орындайтын математикалық ойлау процестері. Контекст төрт категорияға бөлінген: жеке (жасөспірімнің күнделікті жеке өміріне байланысты тапсырмалар: оқу, үй, бос уақыт, достар, спорт, денсаулық және т. б.); әлеуметтік (қоғам, жергілікті, ұлттық және жаһандық аспект); кәсіби (мектеп өмірі, білім алушының түсінуіне қолжетімді еңбек қызметі); ғылыми (оқыту, ғылым және технология)

Математикалық сауаттылық бойынша 15 жастағы білім алушылардың орташа балы 9-суретте көрсетілген [7].




9-сурет. Математикалық сауаттылық бойынша 15 жастағы білім алушылардың орташа балы

Әрбір циклде алынған балл ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішінен төмен. Атап айтқанда, 2009 жылы 405 балды құрады, бұл ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішінен 94 балға; 2012 жылы 432 балды құрады, бұл 62 балға; 2018 жылы 423 балды құрады, бұл 66 балға төмен.

Бұл ретте PISA-2009-мен салыстырғанда PISA-2018 көрсеткіштерінің өсуі байқалады. Нәтижелер 18 ұпайға көтерілген.

10-суретте циклдер бойынша математикалық сауаттылық деңгейіне жету бойынша білім алушылардың пайыздық үлесі көрсетілген.



10-сурет. Циклдер бойынша математикалық сауаттылық деңгейіне жету бойынша білім алушылардың пайыздық үлесі

PISA-2018 нәтижелеріне сәйкес қазақстандық білім алушылардың жартысы (49,1%) сауаттылықтың 2-ші ең төменгі деңгейіне жете алмаған. 2009 жылғы нәтижелермен салыстырғанда сауаттылықтың 2-ші шекті деңгейін еңсермеген 15 жастағы білім алушылардың үлесі 10%-ға аз болды, ал 2-ші шекті және одан да күрделі 3-6 деңгейдегі тапсырмаларды орындай алған білім алушылар шамалы өсті. Ең үлкен өсім 3-деңгей бойынша байқалады (4%). Бұл деңгей жоғары деңгейлі когнитивті процестерді қолдануды қажет ететін тапсырмаларды сәтті орындау үшін қажетті негізгі дағдыларды меңгеруді қамтиды.

Білім алушылардың көпшілігі қажетті математикалық білімді қолдану арқылы белгілі бір мәселені шешу үшін нақты өмірлік контекстен математика тіліне тапсырмаларды өз бетінше тұжырымдауға мүмкіндік беретін қабілеттерді талап ететіндерге қарағанда тек математикалық тұжырымдалған есептерге ғана қабілетті.

2022 жылғы ҰБТ нәтижелерін талдау

2022 жылы ҰБТ нәтижелері жинаған баллдардың қосындысынан ғана емес, сонымен қатар математика тақырыптары бойынша қосымша талдаудан тұрады. Бұл талдау түлектердің тақырыптарды меңгеру деңгейін талдауға мүмкіндік береді.

Математика бойынша түлектердің тапсырмаларды орындауы тақырыптар бойынша 11-суретте көрсетілген [8].



11-сурет - 2022 жылғы математика пәні бойынша ҰБТ тапсыру көрсеткіштері

11-сурет мынаны көрсетті:

1) тақырыптар бойынша тапсырмаларды орындау пайызы 27% бен 67% аралығын құрайды;

2) тапсырмалары 50% - дан астамы орындалған тақырыптар:

- Сызықтық теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар бөлшек-рационал теңсіздіктер жүйесі. Сызықтық емес теңсіздіктер жүйесі;

- Дәрежеге амалдар қолдану Абсолютті шамалар;

- Сандар мен шамалар туралы түсінік. Сандарға амалдар қолдану

Осы тапсырмаларды орындау үлесі сәйкесінше 66,05%, 60,3% және 52,05% құраған.

3) тапсырмалары 30% - дан төмен орындалған тақырыптар:

- Метрикалық қатынастар. Векторлар және түрлендірулер;

- Кеңістіктегі метрикалық қатынастар.

Әрі қарай, түлектерінің тілдер (қазақ, орыс, ағылшын) бойынша тапсырмаларды орындауының нәтижесін қарастырайық (12-сурет).

12-суреттен мынаны көрсеміз:

1) тақырыптар бойынша тапсырмаларды орындау пайызы 42% бен 92% аралығын құрайды;

2) тапсырмалары 50% - дан астамы орындалған тақырыптар:

- Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі;

- Сандар мен шамалар туралы түсінік. Сандарға амалдар қолдану;

- Сызықтық теңдеулер. Квадрат теңдеулер. Бөлшек рационал теңдеулер;

- Алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру. Қысқаша көбейту формулалары. Бөлшектің дәрежесі. Бөлшектің дәрежесі. Алгебралық өрнектерді түрлендіру. Көпмүшені жіктеу;

3) тапсырмалары 30% - дан төмен орындалған тақырыптар:

- Тригонометрия;

- Метрикалық қатынастар. Векторлар және түрлендірулер;

- Кеңістіктегі векторлар мен түрлендірулер.

Тапсырмаларды қазақ тілінде орындау қорытындысы 13-суретт берілген.

12-суреттен мынаны көрсеміз:

1) тақырыптар бойынша тапсырмаларды орындау пайызы 26% бен 69% аралығын құрайды;

2) тапсырмалары 50% - дан астамы орындалған тақырыптар:

- Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі;

- Дәрежеге амалдар қолдану. Абсолютті шамалар;

3) тапсырмалары 30% - дан төмен орындалған тақырыптар:

- Метрикалық қатынастар. Векторлар және түрлендірулер;

- Кеңістіктегі метрикалық қатынастар.



12-сурет – Тапсыру тілі бойынша математика пәнінен орындалған тапсырмалар үлесі

қазақ тілінде орындалған тапсырмалардың нәтижесі



13-сурет. Математика бойынша қазақ тілінде сәтті орындалған тапсырмалардың үлесі

Тапсырмаларды қазақ тілінде орындау қорытындысы 13-суретте берілген. 12-суреттен мынаны көрсеміз:

- 1) тақырыптар бойынша тапсырмаларды орындау пайызы 26% бен 69% аралығын құрайды;
- 2) тапсырмалары 50% - дан астамы орындалған тақырыптар:
 - Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі;
 - Дәрежеге амалдар қолдану. Абсолютті шамалар;
- 3) тапсырмалары 30% - дан төмен орындалған тақырыптар:
 - Метрикалық қатынастар. Векторлар және түрлендірулер;
 - Кеңістіктегі метрикалық қатынастар.

Тапсырмаларды орыс тілінде орындау қорытындысы 13-суретте берілген. 13-суреттен мынаны көрсеміз:

- 1) тақырыптар бойынша тапсырмаларды орындау пайызы 27% бен 69% аралығын құрайды;
- 2) тапсырмалары 50% - дан астамы орындалған тақырыптар:
 - Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі;
 - Дәрежеге амалдар қолдану Абсолютті шамалар;
- 3) тапсырмалары 30% - дан төмен орындалған тақырыптар:
 - Метрикалық қатынастар. Векторлар және түрлендірулер;
 - Кеңістіктегі векторлар мен түрлендірулер.

Тапсырмаларды ағылшын тілінде орындау қорытындысы 15-суретте берілген.

15-суреттен мынаны көрсеміз:

- 1) тақырыптар бойынша тапсырмаларды орындау пайызы 42% бен 92% аралығын құрайды;
- 2) 21 тақырыптың 18 тақырыбы бойынша тапсырмалардың 50%-дан астамы орындалған;
- 3) тапсырмалары 42%-дан 69%-ға дейін пайызы орындалған тақырыптар:
 - Метрикалық қатынастар. Векторлар және түрлендірулер;
 - Кеңістіктегі метрикалық қатынастар;
 - Кеңістіктегі векторлар мен түрлендірулер.

орыс тілінде орындалған тапсырмалардың нәтижесі



14-сурет- Математика бойынша орыс тілінде сәтті орындалған тапсырмалардың үлесі

ағылшын тілінде орындалған тапсырмалардың нәтижесі



15-сурет. Математика бойынша ағылшын тілінде сәтті орындалған тапсырмалардың үлесі

Анықталған типтік қиындықтар негізінде математиканы оқытуды ұйымдастыру мен әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Орта мектепте математиканы оқыту барысында екі маңызды мәселе бір уақытта сәтті шешілуі керек:

1) білім алушыларды ҰБТ-ға даярлау;

2) «Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» пәндерінің бөлімдері бойынша 10-11 сыныптардың оқу бағдарламалық материалын зерделеу.

Білім алушыларды табысты даярлау үшін оқытуды қайталау сабақтарда және қосымша сабақтарда жүзеге асырылуы тиіс. Математика бойынша жалпы орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасында қарастырылған тақырыптарды тиімді зерделеу үшін 10-сыныпта математика бойынша негізгі мектептің курсына алған білімдерін жүйелі түрде қайталау қажет. Білімді жүйелеу мазмұнды сызықтар «Сандар», «Функция», жазықтық және кеңістіктік фигуралардың түрлері, олардың қасиеттері, белгілері және метрикалық қатынастары» бойынша жүзеге асырылады.

Ықтималдықтар теориясының элементтерін зерттеу кезінде есептерді шешудің комбинаторлық әдістеріне назар аудару қажет. Стереометрияны зерделеу кезінде орта мектеп бітірушісін даярлауға арналған ҰБТ спецификациясының талаптарына назар аудару керек. Атап айтқанда, цилиндр пен конустың, шардың, қиық пирамида мен қиық конустың бетінің ауданы мен көлемін формулаларды білу.

Пәндік дайындықтың әртүрлі деңгейлерінің ұсыныстарын ескере отырып, дайындықты ұйымдастыру ұсынылады. Ол үшін диагностикалық жұмыстың нәтижелерін талдау және сабақтарды ұйымдастыру негізінде жеке оқу жоспарларын құру үшін диагностикалық жұмыс жүргізу ұсынылады.

Пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктерінде үнемі талқылаулар жүргізу, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын жасау.

ҰБТ нәтижелері математиканы оқыту процесін жетілдіруге және орта мектеп түлектерін емтиханға дайындауға бағытталған кейбір жалпы ұсыныстарды айтуға мүмкіндік береді: берілген теңдеудің түбірлерін дұрыс таңдаудың маңыздылығына ерекше назар аудару. Түбірлерді таңдаудың әртүрлі әдістерін, оның ішінде таңдау қажет ететін интервалды немесе кесіндінің графикалық иллюстрациясын қолдану қажет. Оқушылардың назарын тригонометриялық функциялардың жұптылығына/тақтылығына аударған жөн. Толық дәлелдеуді келтіру үшін әрбір келесі дәлелдеме алдыңғысынан шығып отыратындай оқушыларды дәлелдеу кезінде тұжырымдарды дұрыс жасауға үйрету керек. Сабақта оқушылардың есептеу дағдыларын дамытуды жалғастыру, математика сабақтарында жұмыс істеу кезінде калькуляторларды пайдалануға қатаң тыйым салу ұсынылады; «Айналу денелері» тақырыбына ерекше назар аудару; ҰБТ-ға дайындық кезінде бір типті тапсырмаларды шығара беруден аулақ болу керек. Сонымен, білім алушылардың назарын маңызды элементтерге баса назар аудару, сұрақты бөліп көрсету және қосымша салуды жасау қажеттілігіне аудару; математикалық модельді құрудың негізділігіне назар аудару ұсынылады. Геометрия, алгебра және анализ бастамалары курсы үшін өткен материалды қайталау сабақтарын ұйымдастыру алған білімдерін пысықтауға және жалпылауға мүмкіндік береді.

3 «Математика» пәнінің құрылымы мен мазмұны

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында осы деңгейдің мақсаты, мазмұны және күтілетін нәтижелері анықталған.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады: 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу; 2) сын тұрғысынан ойлау; 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу; 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу; 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру; 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары [3].

Бастауыш білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағдарланады және мынадай аспектілерді ескере отырып айқындалады: 1) заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы; 2) сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі; 3) оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы; 4) оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету.

Бастауыш білім беру аяқталғанда білім алушыдан математика пәні бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «цифр», «сан», «координаталық сәуле», «санның үлесі», «жай бөлшек», «аралас сан», «санды өрнек», «әріпті өрнек», «теңдік», «теңсіздік», «бұрыштың градустық өлшемі», «пайыз», «жиын», «симметрия» ұғымдарының мәнін; жазық және кеңістік геометриялық фигураларының түрлерін және олардың элементтерін; шаршы және тік төртбұрыш периметрі мен ауданын есептеу формулаларын, бірдей дәрежелі бөлшектерді қосу және азайту принциптерін біл тиіс;

2) натурал сандарға, шамаларға және олардың арасындағы байланысқа қатысты арифметикалық амалдардың мәні мен ретін; шамалар арасындағы қарапайым өзара тәуелділікті; жиындардың «қиылысуы» мен «бірігуіне» қатысты операциялардың мағынасын; пайызды бөлшек санмен өрнектеуді, бөлшек сандарды пайызбен өрнектеуді; тұрақты және айнымалы шамалар арасындағы айырмашылықтарды түсінуі тиіс;

3) өрнектер жазу үшін, санды өрнектерді түрлендіру үшін, есептер шығару үшін математикалық символдарды, арифметикалық амалдар мен қасиеттерді; натурал сандар мен арифметикалық амалдарды ауызша және жазбаша есептеу амалдарын; шамалардың стандартты және стандартты емес өлшем бірліктерін (ұзындық, аудан, көлем, масса, уақыт); шамаларды өлшеу құралдарын; есеп шарттарын жазудың математикалық тілі мен графикалық модельдерін; теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу алгоритмдерін; периметр мен ауданды есептеу формулаларын (шаршының, тік төртбұрыштың, тікбұрышты үшбұрыштың); жиын элементтері арасындағы қатынастарды көрсету үшін Эйлер-Венн диаграммаларын; санның бөлігін және оның бөлігі бойынша санды табу білігін қолдануы тиіс;

4) ауызша және жазбаша санаудың рационалды тәсілдерін; геометриялық фигуралардың ерекшеліктерін; сандық өрнектер мен айнымалысы бар өрнектердің мәндерін салыстыру нәтижесін; әртүрлі шамалар арасындағы тәуелділіктер (сан, баға, құн, жылдамдық, уақыт, арақашықтық, еңбек (жұмыс) өнімділігі, жұмыс ұзақтығы, жұмыс көлемі); заңдылықтарды және тізбектің жетіспейтін элементтерін табуды; күрделі емес комбинаторикалық және логикалық есептерді талдауы тиіс;

5) заттарды олардың белгілері мен кеңістіктегі орналасуына қарай сыныптауышын; шамалар арасындағы тәуелділіктің математикалық моделін; шынайы әлемнің нақты нысандары мен процестерінің бейнелер мен сызбалар түріндегі ең қарапайым модельдерін; ұсынылған мәліметтер немесе математикалық модельдер бойынша есеп құрастырады және оған кері есеп құрайды; берілген заңдылықтар бойынша тізбек құрастырады;

б) өлшем нәтижелерін; сандар, шамалар, геометриялық фигуралар туралы қарапайым тұжырымдардың ақиқаттылығын немесе жалғандығын; графика, кесте, диаграмма түрінде берілген деректерді; модельдің берілген критерийлерге сәйкестігін бағалайды.

Оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістерін қайта қарау адамның үйлесімді қалыптасуы мен интеллектуалды дамуы үшін қолайлы, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды біріктіретін, кез-келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылық пен бәсекеге қабілеттілікті көрсете алатын білім беру ортасын құруға бағытталған.

Оқу бағдарламалары:

- 1) пән мазмұнын жобалау кезіндегі «шиыршық» принципіне;
- 2) Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархияларына;
- 3) білім беру деңгейлері бойынша педагогикалық мақсатқа ұмтылуына;
- 4) бір білім беру саласының ішінде де, тұлғаны адамгершілік және патриоттық құндылықтарды қалыптастыру үшін өте маңызды пәнаралық байланыстарды іске асыру мақсатына;

5) бөлімдер мазмұны мен ұсынылған уақыт сұрауларына, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға сәйкестігіне бағытталып әзірленген.

Оқыту мақсаттары білім алушылардың білімін, түсінігін, өз білімін қолдану, талдау, синтездеу және бағалау қабілетін дамытуға бағытталған.

Әрі қарай 1-11-сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны мектепте оқытылатын математика курсына сәйкес баяндалған.

Математика, 1-4-сыныптар

1-4-сыныптарда «Математика» оқу пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың математикалық таным негіздерін меңгеруіне және тиісті дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік жасау. Бұл оқу пәні қоршаған ортаны бейнелеу мен түсіну тәсілі ретінде қабылдауды дамытуға бағытталған және білім алушылардың қабылдауы мен танымын кеңейтуді, математика ғылымына қызығушылығын талап етеді [9].

Бастауыш білім беру деңгейінде математикалық білім берудің негізгі мақсатына сәйкес оқу пәні келесі міндеттерді айқындайды:

1) логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді және математикалық терминдерді пайдалану біліктілігін дамыту;

2) оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту;

3) сыни тұрғыдан ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту;

4) өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерді меңгеруде, сонымен қатар күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну;

5) тұлғалық қасиеттер: білуге құштарлық, мақсаттылық, жауапкершілік, сенімділік және тәуелсіздікті дамыту;

6) түсінудің, түсіндірудің, талдаудың, синтездің, жүйелеудің, қолданудың және суреттеудің когнитивтік дағдыларын дамыту;

7) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды, топпен жұмыс істеу және өз көзқарасын білдіру, басқа адамдардың пікірін құрметтеу, көшбасшылық қасиеттерді көрсету, өз жұмысын жазбаша және ауызша түрде таныстыру дағдыларын дамыту;

8) ақпаратты іздестіру және таңдау, өз уақытын басқару, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға негізделген.

1-4-сыныптардағы «Математика» пәнінің оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарының жүйесі 1-кестеде берілген.

1-кесте. Оқыту мақсаттарының жүйесі (1-4-сыныптар)

1-бөлім: Сандар мен шамалар			
Бөлімше: 1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер			
1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1.1.1 натурал сандар/ нөл санының құрылу жолын түсіну, 10/11-20 көлемінде тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	2.1.1.1 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну, 100 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	3.1.1.1 1000-ға дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну, 1000 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	4.1.1.1 көптаңбалы сандардың құрылу жолын түсіну, натурал сандар қатарындағы 1 000 000 көлеміндегі санның орнын анықтау
1.1.1.2 біртаңбалы сандарды және 10 санын/11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру	2.1.1.2 екітаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру	3.1.1.2 үштаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру	4.1.1.2 көптаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру/ сандарды берілген разрядқа дейін дөңгелектеу
1.1.1.3 біртаңбалы сандардың құрамын/ 20 көлемінде сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу	2.1.1.3 екітаңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу/12-ге дейінгі рим сандарын оқу, жазу және қолдану	3.1.1.3 үштаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау,	4.1.1.3 көптаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу

		разрядтық қосылғыштарға жіктеу	
1.1.1.4 санаудың ірі бірлігі ондықты құрастыру, 100-ге дейін ондықтармен санау, жазу және салыстыру	2.1.1.4 санаудың ірі бірлігі жүздікті құрастыру, 1000-ға дейін жүздіктермен санау, жазу, салыстыру	3.1.1.4 санаудың ірі бірлігі мыңдықты құрастыру, 1 000 000-ға дейін мыңдықтармен санау, жазу, салыстыру	4.1.1.4 санаудың ірі бірлігі миллионды құрастыру, жүз миллион көлемінде санау, жазу, салыстыру
1.1.1.5 20-ға дейінгі сандарды 2-ден топтап тура және кері санау/ тәжірибе арқылы 2, 4, 6, 8, 10 заттың жартысын табу	2.1.1.5 50-ге дейін 3, 4, 5-тен топтап тура және кері санау/ жұп/тақ сандарды ажырату/заттар тобын 6, 7, 8, 9-дан тең бөліктерге бөлуді көрсету	3.1.1.5 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру	4.1.1.5 пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсіну
		3.1.1.6 жай бөлшектерді оқу, жазу, бөлімдері бірдей жай бөлшектерді көрнекілік қолдану арқылы салыстыру	4.1.1.6 бөлімдері немесе алымдары бірдей жай бөлшектерді салыстыру, сан сәулесінде салыстыру/ дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек, аралас сандарды ажырату
1.2 Сандар мен амалдар орындау			
1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну	2.1.2.1 көбейтуді бірдей қосылғыштардың қосындысын табу, бөлуді заттардың түрлеріне қарай және тең бөліктерге бөлу ретінде түсіну	3.1.2.1 бөлшек дегеніміз бір бүтіннің бір не бірнеше бөліктері және екі натурал санның қатынасы екенін түсіну/санның квадратын бірдей екі көбейткіштің, ал санның кубы бірдей үш көбейткіштің көбейтіндісі ретінде түсіну	4.1.2.1 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайтуды бөлімдерін өзгертпей қалдырып, сәйкес алымдарны қосу және азайту деп түсіну
1.1.2.2 қосу және азайту өзара кері амалдар екенін түсіну, қосумен азайту компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты анықтау	2.1.2.2 көбейту және бөлу өзара кері амалдар екенін түсіну, көбейту мен бөлу компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты анықтау	3.1.2.2 көбейту және бөлуді орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану, санды 0 санына бөлуге болмайтынын білу	4.1.2.2 көптаңбалы сандармен арифметикалық амалдарды орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану
1.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық қасиетін/ 0 мен 1 сандарының қасиетін қолдану	2.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін/ көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану	3.1.2.3 тиімді есептеу үшін көбейтудің ауыстырымдылық/ үлестірімділік, терімділік қасиеттерін қолдану	4.1.2.3 көптаңбалы сандармен есептеулер жүргізгенде қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдану
1.1.2.4 біртаңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу кестесін құру, білу және қолдану	2.1.2.4 біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу кестесін құру, білу және қолдану/2, 3, 4, 5 сандарына көбейту кестесін құру, білу және қолдану	3.1.2.4 6, 7, 8, 9 сандарына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдану	4.1.2.4 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерге сүйеніп, натурал сандарды топтастыру

1.1.2.5 ондықтан аттамай біртаңбалы сандарды/ 20 көлеміндегі біртаңбалы мен екітаңбалы сандарды/ ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындау	2.1.2.5 біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайту/300+200 (3жүзд.+2жүзд.), 170-130 (17онд.-13онд.) түрінде ауызша қосу және азайтуды орындау	3.1.2.5 үштанбалы сандарды/ мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау	4.1.2.5 көптаңбалы сандарды ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау, микрокалькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу
	2.1.2.6 екітаңбалы сандарды: 40+17, 57-40, 57-17, 35±12 жағдайларында ондықтан аттамай ауызша қосу және азайтуды орындау	3.1.2.6 біртаңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау	4.1.2.6 10, 100, 1000 сандарына қалдықсыз және қалдықпен бөлу
	2.1.2.7 45±9, 40-14, жағдайларында: ондықтан аттап, ауызша қосу мен азайтуды орындау	3.1.2.7 кестеден тыс: 17•5, 96:6, 75:15, 84:4 жағдайларында ауызша көбейту мен бөлуді орындау	4.1.2.7 екітаңбалы/ үштанбалы сандарды біртаңбалы санға ауызша көбейту мен бөлуді орындау
	2.1.2.8 34+ 23, 57-23, 45±19, 47+33, 80-47, 100-35 жағдайларында: екітаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану	3.1.2.8 үштанбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану	4.1.2.8 көптаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану
		3.1.2.9 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні біртаңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану	4.1.2.9 санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге көбейту және бөлу ережелерін қолдану
		3.1.2.10 23·2, 123·2, 46:2, 246:2 жағдайларында: екітаңбалы/ үштанбалы сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану	4.1.2.10 көптаңбалы сандарды біртаңбалы/ екітаңбалы/ үштанбалы сандарға қалдықпен бөлуді орындау
		3.1.2.11 28·3, 269·2, 84:3, 538:2 жағдайларында: екі/үштанбалы сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану	4.1.2.11 екітаңбалы/ үштанбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану
		3.1.2.12 нөлдермен аяқталатын үштанбалы санды біртаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу тәсілін қолдану	4.1.2.12 нөлмен аяқталатын көптаңбалы сандарды біртаңбалы/ екітаңбалы/

			үштанбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмін қолдану
		3.1.2.13 бөліндінің бір разрядында нөл болатын кезде үштанбалы санды біртанбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану	4.1.2.13 бөлінді мәнінде нөлдер болатын жағдайда көптанбалы санды біртанбалы/екітанбалы/үштанбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану
		3.1.2.14 санның/шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды/шаманы табу: 100 көлеміндегі сандар мен жүздіктердің жартысын, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу	4.1.2.14 аралас санды бұрыс бөлшекке және бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыру
			4.1.2.15 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайту алгоритмін қолдану
1.3 Шамалар және өлшем бірліктері			
1.1.3.1 ұзындық/масса/ көлем (сыйымдылық)/уақыт шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу	2.1.3.1 эртүрлі өлшеу құралдары шкалаларын бір бірінен ажырату және шамалардың сәйкес мәндерін анықтау	3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу	4.1.3.1 кеңістік геометриялық фигураларды атау, көлемді өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдау, текшелермен (кубиктермен) (1 см3) өлшеу
1.1.3.2 өлшем бірліктерді: ұзындық (см, дм)/масса (кг)/ көлем (сыйымдылық) (л), уақыт (сағ) қолданып, шамаларды өлшеу	2.1.3.2 ұзындық (м)/масса (ц) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу	3.1.3.2 ұзындық (мм, км)/масса (г, т) /аудан (см2, дм2, м2)/уақыт (сек) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу	4.1.3.2 көлем (сыйымдылық) (мм3, см3, дм3, м3), аудан (га, ар) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу
1.1.3.3 ұзындық (см, дм)/масса (кг)/ көлем (сыйымдылық) (л)/уақыт (сағ) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау	2.1.3.3 ұзындық (см, дм, м)/масса (кг, ц)/ көлем (сыйымдылық) (л)/ уақыт: (сағ, тәул, апта, ай, жыл) өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу/азайту/ көбейту/бөлу амалын орындау	3.1.3.3 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/ көлем (сыйымдылық) (л)/аудан (см2, дм2, м2)/уақыт: (сек, мин, сағ, тәул, ай, жыл, ғасыр) өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу/азайту/ көбейту/бөлу амалын орындау	4.1.3.3 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса: (г, кг, ц, т)/көлем (сыйымдылық) (л, мм3, см3, дм3, м3)/ аудан: (мм2, см2, дм2, м2, ар, га)/уақыт (сек, мин, сағ, тәул, жыл, ғасыр) өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу/азайту/көбейту/ бөлу амалын орындау

1.1.3.4 ұзындық өлшем бірліктерін (см, дм) олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	2.1.3.4 ұзындық (см, дм, м)/масса (кг, ц)/ уақыт (сағ, мин, тәул, ай, жыл) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	3.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/ масса (г, кг, ц, т)/аудан (см ² , дм ² , м ²)/уақыт (сек, мин, сағ, тәул, ай, жыл, ғасыр) бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	4.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/ масса (г, кг, ц, т)/ аудан (мм ² , см ² , дм ² , м ² , га, ар)/көлем: (мм ³ , см ³ , дм ³ , м ³)/ уақыт (сек, мин, сағ, тәул, жыл, ғасыр) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
1.1.3.5 уақытты циферблат бойынша 12 сағаттық форматта анықтау/ уақыт өлшем бірліктерін (минут, сағат, күн, апта, ай, жыл) ажырату	2.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат және минут	3.1.3.5 әртүрлі сағатпен уақытты анықтау: сағат, минут, секунд	4.1.3.5 уақыт өлшем бірлігінің үлесін табу (1/60 сағ=1 мин, 1/2 сағ=30 мин, 1/7 апта=1 күн)
1.1.3.6 1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг монеталармен түрліше төлем жасау	2.1.3.6 50 тг, 100 тг монеталарды, 200 тг, 500 тг купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау	3.1.3.6 1000 тг, 2000 тг, 5000 тг купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау	4.1.3.6 10 000 тг, 20 000 тг купюраларын және түрлі мемлекеттің валюталарын (рубль, евро, доллар) ажырату және түрлі төлем жасау

2-бөлім: Алгебра элементтері

Бөлімше: 2.1 Санды және әріпті өрнектер

1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді (қосынды, айырма)/ теңдік, теңсіздіктерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу	2.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді (көбейтінді, бөлінді)/теңдіктер мен теңсіздіктерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу	3.2.1.1 бір/екі әрпі бар әріпті өрнектерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу	4.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді түрлендіру
1.2.1.2 әріптің берілген мәніндегі бір амалды әріпті өрнектің мәнін табу	2.2.1.2 әріптің берілген мәніндегі екі амалды әріпті өрнектің мәнін табу	3.2.1.2 әріптердің берілген мәндерінде екі әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табу	4.2.1.2 әріптердің берілген мәндеріндегі бірнеше әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табу
			4.2.1.3 әріпті өрнектерді құру және есептер шығару барысында қолдану
1.2.1.3 қосу мен азайту амалдары арасындағы қатынасты әріпті өрнектер түрінде: $a+b=c$, $c-a=b$, $c-b=a$ көрсету және қолдану	2.2.1.3 қосу мен көбейтудің қасиеттерін әріпті теңдік түрінде: $a+b=b+a$, $(a+b)+c=a+(b+c)$ $ab=ba$ көрсету және қолдану	3.2.1.3 көбейтудің үлестірімділік және терімділік қасиеттерін әріпті теңдік түрінде: $(ab)c=a(bc)$, $a(b+c)=ab+ac$, $a(b-c)=ab-ac$ көрсету және қолдану	4.2.1.4 бөлімдері бірдей жай бөлшектермен қосу және азайту амалдарын орындау

1.2.1.4 қосу және азайту жағдайында 0-дің қасиетін әріпті өрнек түрінде: $a+0=a$, $a-0=a$ көрсету	2.2.1.4 санды 1-ге көбейту және бөлу жағдайларын әріпті теңдік түрінде: $a \cdot 1=a$, $a:1=a$ көрсету	3.2.1.4 санды 0-ге көбейту, 0-ге бөлуге болмайтын жағдайларды әріпті теңдік түрінде: $a \cdot 0 =0$, $a \neq 0$ көрсету	4.2.1.5 алымдары бірдей немесе бөлімдері бірдей жай бөлшектерді салыстыру, сан сәулесінде салыстыру
1.2.1.5 жақшасыз әріпті/санды өрнектерді салыстыру	2.2.1.5 екі амалдан артық жақшалы және жақшасыз санды өрнектерді салыстыру	3.2.1.5 үш амалдан артық санды өрнектерді салыстыру	4.2.1.6 бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектердің мәндерін салыстыру
	2.2.1.6 екі/үш амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу	3.2.1.6 төрт амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу	4.2.1.7 төрт амалдан артық жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу
		3.2.1.7 формуларды шамалардың арасындағы өзара қатынасты орнатушы теңдік ретінде түсіну	4.2.1.8 бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстағы арақашықтық формуласын $s=v \cdot t$, $t=s:v$, $v=s:t$ /қуып жету қозғалысы мен қалып қою қозғалысына байланысты формуларды/ қалдықпен бөлу формуласын $a=b \cdot c+r$ / шығарып алу және қолдану
2.2 Теңдіктер мен теңсіздіктер. Теңдеулер			
1.2.2.1 теңдік және теңсіздікті, теңдеуді тану/ тура және тура емес теңдікті айыра білу	2.2.2.1 $x < \square$ және $x > \square$ түріндегі теңсіздіктерге сәйкес келетін сандарды анықтау	3.2.2.1 қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу	4.2.2.1 қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу
1.2.2.2 таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу	2.2.2.2 көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, $x+(25-6)=38$, $(24-3) \cdot x=8$, $a+6=7+80$ түріндегі күрделі теңдеулерді шешу	3.2.2.2 көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі $x \cdot (25:5)=60$, $(24 \cdot 3):x=6$, $x:(17 \cdot 2)=2$, $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шешу	4.2.2.2 $39+490:k=46$, $230 \cdot a+40=1000:2$ түріндегі теңдеулерді шешу
Бөлімше 3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы			
1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.3.1.1 геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық, сынық сызық, тұйықталған	2.3.1.1 бұрыш түрлерін (тік, сүйір, доғал) бір-бірінен ажырату және атау/	3.3.1.1 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір бірінен	4.3.1.1 тікбұрышты үшбұрышты, текше, тікбұрышты параллелепипед және олардың элементтерін (төбесі,

және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір бірінен ажырату және атау	тік төртбұрышты, шаршыны, тікбұрышты үшбұрышты мәнді белгілері бойынша ажырату және атау	ажырату және атау/симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру	қабырғалары, қырлары) бір-бірінен ажырату және атау
1.3.1.2 жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тік төртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелепипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру	2.3.1.2 көпбұрыштардың классификациясы	3.3.1.2 геометриялық фигуралардың классификациясы	4.3.1.2 үшбұрыштардың классификациясы
1.3.1.3 геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру	2.3.1.3 көпбұрыштардың, қоршаған ортадағы заттар қабырғаларының ұзындығын өлшеу, периметрді табуға арналған формулаларды: $P = (a+b) \cdot 2$, $P = a \cdot 4$, $P = a+b+c$ қорытындылау, құру және қолдану	3.3.1.3 тік төртбұрыш $S = a \cdot b$, шаршы $S = a^2$, тікбұрышты үшбұрыш $S = (a \cdot b) : 2$, ауданы формуласын шығарып алу және қолдану	4.3.1.3 тікбұрышты параллелепипед көлемінің формуласын ($V = a \cdot b \cdot c$) қорытып шығару және қолдану
	2.3.1.4 фигураның белгісіз қабырғасын оның периметрі мен белгілі қабырғалары арқылы табу	3.3.1.4 суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау	4.3.1.4 суретте бейнеленген құрама фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау
	2.3.1.5 берілген периметрі бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай периметрдің қалай өзгеретінін түсіндіру	3.3.1.5 берілген ауданы бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру	4.3.1.5 жазық фигураларды осіне қатысты симметриялы болатын фигуралармен нүктелі қағазда толықтыру, бұрыштың шамасын табу
3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу			
1.3.2.1 түзу, тұйықталған және тұйықталмаған және қисық, сынық сызықты жазықтықта/ қарапайым жазық геометриялық фигураларды (үшбұрыш, төртбұрыш) нүктелі қағазда кескіндеу	2.3.2.1 нүктелі қағазда кесінділер, түзулер мен геометриялық фигураларды орны, қозғалыс және бағыты бойынша нұсқаулыққа сәйкес сызу	3.3.2.1 нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулерді/ қиылысатын геометриялық жазық фигураларды сызу, олардың қиылысу және бірігу аймағын табу	4.3.2.1 нүктелі қағазда перпендикуляр түзулер, симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды сызу
1.3.2.2	2.3.2.2	3.3.2.2	4.3.2.2

берілген ұзындығы бойынша кесінді сызу	тік бұрышты сызу	(берілген қабырғалары бойынша) тіктөртбұрыш пен шаршы, циркульдің көмегімен шеңбер сызу	градустық өлшемі бойынша бұрыш, тік бұрышқа тиісті екі қабырғасы бойынша тікбұрышты үшбұрыш, шеңбер және дөңгелекті радиусы бойынша, тікбұрышты сызғыштың көмегімен түзуге перпендикуляр түзу сызу
1.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру	2.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерін бөлу және олардан композиция құрастыру	3.3.2.3 кеңістік геометриялық фигуралардың (тікбұрышты параллелепед, куб) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру	4.3.2.3 кеңістік геометриялық фигуралардың (пирамида, цилиндр, конус) жазбасын ажырату, фигураларды олардың жазбасымен сәйкестендіру және олардың моделін құрастыру
1.3.2.4 геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші, жоғары-төмен, кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа)	2.3.2.4 бастапқы орнын, бағытын, қозғалысын (оңға, солға, тура, толық бұрылу, сағат тілімен және сағат тіліне кері жартыға, төрттен бірге бұрылу), анықтау айқындайтын нұсқаулыққа сәйкес әрекет жасау	3.3.2.4 солға және оңға бұрғанда, үстінен және жанынан қарағанда кеңістік фигуралардың қалпындағы өзгерістерді түсіндіру	4.3.2.4 симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды бір бірінен ажырату және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру
1.3.2.5 заттардың кеңістікте (оң жақта, сол жақта, жоғарыда, төменде, үстінде, астында, арасында, алдында, артында) орналасуын анықтау			
3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты			
1.3.3.1 сан сәулесінде белгіленген нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуын анықтау	2.3.3.1 сызықта белгіленген нүктелерді бір-біріне қатысты орналасуын анықтау	3.3.3.1 жазық фигурада белгіленген нүктелердің орнын бір-біріне қатысты анықтау	4.3.3.1 қозғалыстың басталуы мен бағытын пайдалана отырып, нысандар қозғалысы сызбасын құру, сәйкес есептеулер жүргізу 4.3.3.2 нысандардың бастапқы орны мен қозғалыс бағытын (бір-біріне қарама қарсы, біріненбірі қарама-қарсы бағытта) анықтау
4-бөлім: Жиындар. Логика элементтері			
Бөлімше: 4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар			
1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.4.1.1 екі жиынның бірігуін және жиыннан оның бөлігін айырып алуды көрнекі түрде кескіндеу	2.4.1.1 тең жиындардың бірігуін және жиыннан оның тең бөліктерін айырып алуды диаграмма арқылы көрнекі түрде кескіндеу	3.4.1.1 екі жиынның бірігуі мен қиылысуын Эйлер-Венн диаграммасының көмегімен көрнекі түрде кескіндеу	4.4.1.1 жиындар арасындағы қатынастың (тең, қиылысатын, қиылыспайтын жиындар, ішкі жиын) сипатын анықтай білу
1.4.1.2 жиындарды элементтерінің белгілері (нысандардың түсі,	2.4.1.2 сандардың жазылуындағы цифрлар саны,	3.4.1.2 сандардың жиындарын, олардың бірігуі мен қиылысуын	4.4.1.2 түзу сызықтардың, геометриялық фигуралардың қиылысуын

пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құру	2-ге бөлінуі, сандық тізбектегі алатын орындары бойынша сандық жиындар құру және жіктеу (бөліктеу)	элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру	көрсету, қиылысу және бірігу аймақтарын белгілеу
1.4.1.3 жүп құру арқылы нысандар жиындарын салыстыру/ тең жиындарды, бос жиындарды анықтау	2.4.1.3 жиындар мен олардың элементтерін диаграммада белгілеу, элементтердің жиынға жиындардың бірігуіне және қиылысуына тиістілігін анықтау	3.4.1.3 сандар жиынының ішкі жиындарын элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру	4.4.1.3 есептерді/ теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде жиындардың қиылысуы мен бірігуінің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолдану
4.2 Пікірлер			
1.4.2.1 тұжырымдардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтау	2.4.2.1 тұжырымдардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау, ақиқат немесе жалған тұжырымдар құру	3.4.2.1 ақиқат немесе жалған пікірлер құру	4.4.2.1 математикалық мазмұндағы пікірлер құру, олардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау
1.4.2.2 бірдей цифрлар мен фигуралардан тұратын басқатырғыштар, ребустар шешу, сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару	2.4.2.2 сандық есептерді, әртүрлі сандардан тұратын басқатырғыштарды, ауыстырып құюға және өлшеуге берілген логикалық есептерді зерттеу және шығару	3.4.2.2 кестелер және графтар құру әдісімен логикалық пайымдауға берілген есептерді шығару	4.4.2.2 кеңістік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді шығару
4.3 Тізбектер			
1.4.3.1 10-ға дейінгі/ 20-ға дейінгі сандар тізбегін/ ондықтармен 100-ге дейін және кері ретпен сандар тізбегін құрастыру/ 100 көлеміндегі сандар, суреттер, фигуралар, символдардан тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау	2.4.3.1 100-ге дейінгі сандар/1000-ға дейінгі жүздіктер тізбектерінің заңдылығын анықтау	3.4.3.1 1000-ға дейінгі сандар/ мыңдықтармен миллионға дейінгі сандар тізбектерінің заңдылығын анықтау	4.4.3.1 1 000 000-ға дейінгі сандар/алымдары бірдей немесе бөлімдері бірдей жай бөлшектермен өрнектелген сандар тізбектерінің заңдылықтарын анықтау
1.4.3.2 іс-әрекет және табиғат күйінің тізбектілігін анықтау/ сандар, фигуралар, ойыншықтар, түрлі-түсті моншақтар тізбектерін құру және тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу	2.4.3.2 берілген заңдылық бойынша тізбекті құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу	3.4.3.2 өзі таңдаған заңдылық бойынша тізбектер құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу	4.4.3.2 заңдылықты немесе ережені өзі таңдап, сандар/сандар тобы тізбектерін құру
4.4 Нысандардың комбинациялары			
1.4.4.1	2.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан	3.4.4.1	4.4.4.1

қоршаған ортадағы заттардан «екі -екіден» комбинациялар жиынын құрастыру	«үш-үштен» комбинациялар жиынын құрастыру	«мүмкіндік ағашы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану	таңдап алу әдісімен комбинаторлық есептерді шығару
5-бөлім: Математикалық модельдеу			
Бөлімше: 5.1 Есептер және математикалық модель			
1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.5.1.1 есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/ есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау	2.5.1.1 бір-екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу	3.5.1.1 екі-үш амалмен орындалатын есепті кесте, сызықтық/бағандық диаграмма, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу	4.5.1.1 есепті сызба, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу
1.5.1.2 сандарды, заттарды, тауардың құнын салыстыру кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалану/ заттар арасындағы арақашықтықты, бағытты, орналасуын анықтайтын терминдер пайдалану	2.5.1.2 есептерді шығару барысында баға, мөлшер (сан), құн/ ұзындығы, ені, периметр шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану	3.5.1.2 есептерді шығаруда бір заттың массасы, саны, жалпы масса/ бір затқа жіберілген шығын, заттардың саны, жалпы шығын/ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану	4.5.1.2 есептерді шығаруда жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс, өнімділік/ егіннің түсімділігі, ауданы мен массасы/ жылдамдық, арақашықтық, уақыт/биіктік, ені, ұзындық, көлемі шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану
1.5.1.3 қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару/кері есеп құрастыру және шығару	2.5.1.3 бірдей қосылғыштардың қосындысын табуға, мазмұнына қарай және бірдей бөліктерге бөлуге берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару	3.5.1.3 санның және шаманың үлесін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару	4.5.1.3 бүтіннің бөлігін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру, шығару
1.5.1.4 санды бірнеше бірлікке арттыру, кеміту, айырмалық салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептер құрастыру және шығару	2.5.1.4 санды бірнеше есе арттыру/кемітуге, айырмалық салыстыруға, еселік салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептерді құрастыру және салыстыру	3.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке/ пропорционал бөлуге берілген есептерді талдау және шығару	4.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке/ пропорционал бөлуге/ белгісізді екі айырым бойынша табуға берілген есептерді талдау және шығару
1.5.1.5 қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептер құрастыру және шығару	2.5.1.5 көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табуға/тіктөртбұрыштың (шаршының) ұзындығы, ені, периметрін табуға берілген есептерді, тура және жанама тұжырымдармен «бірнеше бірлік артық/кем», «бірнеше есе артық/ кем» берілген есептерді (айырмалық салыстыруға қатысты) талдау	3.5.1.5 жанама сұрақтары болатын есептерді («бірнеше бірлік артық/кем», «бірнеше есе артық/ кем» қатынастарымен байланысты), тіктөртбұрыштың (шаршының) қабырғалары мен ауданын табуға, еселік салыстыруға берілген	4.5.1.5 тікбұрышты параллелепипедтің (қубтың) көлемі мен қырының ұзындығын табуға берілген есептерді талдау және шығару

	және шығару, кері есептерді құрастыру және шығару	есептерді талдау және шығару	
1.5.1.6 қосу мен азайтуға берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын негіздеу, шығару әдісін түсіндіру	2.5.1.6 көбейту мен бөлуге берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын негіздеу, шығару әдісін түсіндіру	3.5.1.6 есептеу кезінде жауабын алдын ала болжау, нәтижесін құрама есептің шартына сәйкес түсіндіру	4.5.1.6 әртүрлі құрама есептерді құрастыру, салыстыру, шығару
	2.5.1.7 екі амалмен орындалатын есептерді (санды бірнеше есе арттыру/кемітуге, еселік салыстыруға берілген жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару	3.5.1.7 үш амалмен шығарылатын есептерді (шамалар арасындағы тәуелділікке құрылған жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару	4.5.1.7 үш-төрт амалмен шығарылатын есептерді модельдеу және түрлі әдіспен шығару, ең тиімді әдісті анықтау
	2.5.1.8 барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер және теңдеулер түрінде/ құрама есептердің шешуін санды өрнектер және жекелеген амалдар түрінде модельдеу	3.5.1.8 айнымалысы бар өрнектер мен теңдеулер түрінде барлық арифметикалық амалдарға берілген қарапайым есептерді шешуді, қосу мен азайтуға берілген құрама есептерді сандық өрнектер түрінде моделдеу	4.5.1.8 теңдеу мен сандық өрнек арқылы құрама есепті шығарудың моделін құрастыру
			4.5.1.9 бір-біріне кездесу және қарама-қарсы бағыттағы қозғалыс, артынан қуып жету, бір бағыттағы қалып қою қозғалысына берілген есептерді арифметикалық және алгебралық әдіспен шешу
5.2 Математикалық тіл			
1.5.2.1 цифрды саннан ажырату, бір таңбалы сандарды түрлі тәсілдермен: нүктелер жиынтығымен, таяқшалармен және сан сәулесінде көрсету	2.5.2.1 екі таңбалы сандардың графикалық моделін құру, разрядтық кестені қолдану	3.5.2.1 көп таңбалы сандардың графикалық моделін құру, кластар мен разрядтар кестесін қолдану	4.5.2.1 жай бөлшектердің құрылуын, салыстыру, қосу және азайтуды бейнелеу үшін жазық фигуралардың бөлігі және сан сәулесін қолдану
1.5.2.2 «+», «-», «=», « \neq », «>», «<» таңбаларын/ цифрларды, (\square) белгісіз сан символын қолдану	2.5.2.2 жиынды белгілеу үшін латын алфавитінің бас әріптерін, жиын элементтерін белгілеу үшін латын алфавитінің кіші әріптерін, жиынға тиістілігін және тиісті еместігін белгілеу үшін \in , және \notin таңбаларын қолдану	3.5.2.2 екі жиынның қиылысуы \cap , екі жиынның бірігуі \cup , бос жиын \emptyset таңбаларын қолдану	
1.5.2.3 сандардың қосындысы мен айырмасын/сандарды	2.5.2.3 бұрыштарды, көпбұрыштарды, шеңбердің центрін, радиусті, диаметрді латын алфавитінің	3.5.2.3 бұрыштарды, көпбұрыштарды латын алфавитінің бас	4.5.2.3 текшені, тікбұрышты параллелепипедті латын алфавитінің бас

салыстыру (артық/кем)/ көршілес сандарды, сандық аралықтарды, сандар қатарын көрсету үшін сан сәулесін қолдану	әріптерімен таңбалау, оларды белгіленуі бойынша оқу	әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу	әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу
1.5.2.4 қосу мен азайту амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	2.5.2.4 көбейту және бөлу амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	3.5.2.4 қосу мен азайту, көбейту және бөлу амалдары компоненттерінің атауларын жақшалы өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	4.5.2.4 (10 %, 20 %, 25 %, 50 %, 75%, 100 %) пайызды % символымен/ бұрыштың градусық өлшемін 0 символымен белгілеуді қолдану
1.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және толықтыру/ қолда бар материалдарды пайдаланып, кестелер, пиктограмма мен диаграммалар құрастыру	2.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу, кестелер және диаграммалар құрастыру	3.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және диаграммалар мен пиктограммалар қолданып салыстыру	4.5.2.5 ақпаратты түсіндіру, салыстыру және мәліметтерді жиынтықтау, қозғалыс графиктерін құру, қозғалысқа арналған есептерге сызба құрастыру

Математика, 5-6-сыныптар

5-6-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мақсаты – «Математика» пәнінің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту [9].

Мақсатқа сәйкес келесі міндеттері айқындалған:

1) «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

2) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың дағдыларын қалыптастыру;

5) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

6) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

8) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

5-6-сыныптардағы «Математика» оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды: «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ».

«Сандар» бөлімі «Сандар және шамалар туралы түсініктер», «Сандарға амалдар қолдану»; «Алгебра» бөлімі «Алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру», «Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары», «Тізбектер және олардың қосындысы»; «Геометрия» бөлімі «Геометриялық фигуралар туралы түсінік», «Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы», «Метрикалық қатыстар», «Векторлар және түрлендірулер»; «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі «Жиындар теориясы және логика элементтері», «Комбинаторика негіздері», «Статистика және деректерді талдау»; «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімі «Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару», «Математикалық тіл және математикалық модель» бөлімшелерінен тұрады.

5-6-сыныптардағы «Математика» пәнінің оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарының жүйесі 2-кестеде берілген.

2-кесте. Оқыту мақсаттарының жүйесі (5-6-сыныптар)

1-бөлім. Сандар	
1. Сандар және шамалар туралы түсініктер	
5.1.1.	6.1.1.
5.1.1.1 натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру;	6.1.1.1 екі санның қатынасы нені көрсететінін түсіну;
5.1.1.2 тақ және жұп сандар ұғымдарын меңгеру;	6.1.1.2 қандай шамалар тура пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару;
5.1.1.3 натурал сан дәрежесінің анықтамасын білу;	6.1.1.3 қандай шамалар кері пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару;
5.1.1.4 натурал санды ондық жазылу түрінде көрсету;	6.1.1.4 координаталық түзудің анықтамасын білу және координаталық түзуді салу;
5.1.1.5 натурал санның бөлгіші мен еселігі анықтамаларын білу;	6.1.1.5 масштаб ұғымын меңгеру;
5.1.1.6 жай және құрама сандардың анықтамаларын білу;	6.1.1.6 бүтін сан ұғымын меңгеру;
5.1.1.7 ортақ бөлгіш, ортақ еселік, ең үлкен ортақ бөлгіш, ең кіші ортақ еселік ұғымдарының анықтамаларын білу;	6.1.1.7 қарама-қарсы сандар ұғымын меңгеру, оларды координаталық түзуде белгілеу;
5.1.1.8 өзара жай сандардың анықтамасын білу;	6.1.1.8 рационал сан ұғымын меңгеру;
5.1.1.9 жай бөлшек ұғымын меңгеру;	6.1.1.9 санның модулі анықтамасын білу және оның мәнін табу
5.1.1.10 дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырату;	
5.1.1.11 аралас сан анықтамасын білу;	
5.1.1.12 өзара кері сандар анықтамасын білу;	
5.1.1.13 ондық бөлшек ұғымын меңгеру;	
5.1.1.14 ондық бөлшек түрінде жазылған сандардың теңдігін түсіну, мысалы, 1,3 және 1,30;	
5.1.1.15 санның жуық мәні ұғымын меңгеру;	
5.1.1.16 пайыз ұғымын меңгеру	

2. Сандарға амалдар қолдану	
5.1.2.	6.1.2.
<p>5.1.2.1 натурал сандарды салыстыру, сонымен қатар координаталық сәуленің көмегімен салыстыру;</p> <p>5.1.2.2 амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтау және мәндерін табу;</p> <p>5.1.2.3 санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолдану;</p> <p>5.1.2.4 бірдей сандардың көбейтіндісін дәреже түрінде жазу;</p> <p>5.1.2.5 натурал сандардың 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану;</p> <p>5.1.2.6 натурал сандардың 3-ке және 9-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану;</p> <p>5.1.2.7 құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеу;</p> <p>5.1.2.8 натурал сандардың бөлгіштерін табу;</p> <p>5.1.2.9 натурал сандардың еселіктерін табу;</p> <p>5.1.2.10 көбейтіндінің берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау;</p> <p>5.1.2.11 қосындының және айырымның берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау;</p> <p>5.1.2.12 екі және одан артық сандардың ең үлкен ортақ бөлгіші мен ең кіші ортақ еселігін табу;</p> <p>5.1.2.13 бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру;</p> <p>5.1.2.14 жай бөлшектерді қысқартуда бөлшектің негізгі қасиетін қолдану;</p> <p>5.1.2.15 жай бөлшекті жаңа бөлімге келтіру;</p> <p>5.1.2.16 жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру;</p> <p>5.1.2.17 бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;</p> <p>5.1.2.18 бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;</p> <p>5.1.2.19 натурал саннан жай бөлшекті азайтуды орындау;</p> <p>5.1.2.20 аралас сандарды қосу және азайтуды орындау;</p> <p>5.1.2.21 жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау;</p> <p>5.1.2.22 берілген санға кері санды табу;</p> <p>5.1.2.23 жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау;</p> <p>5.1.2.24 санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу;</p> <p>5.1.2.25 бөлшектерді бір жазылу түрінен басқа жазылу түріне ауыстыру;</p> <p>5.1.2.26 ондық бөлшектерді салыстыру;</p> <p>5.1.2.27 ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;</p> <p>5.1.2.28 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау;</p> <p>5.1.2.29 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000, ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына көбейту ережелерін қолдану;</p> <p>5.1.2.30 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау;</p> <p>5.1.2.31 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000, ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына бөлу ережелерін қолдану;</p> <p>5.1.2.32 ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу;</p> <p>5.1.2.33 бөлшекті пайызға және пайызды бөлшекке айналдыру ;</p>	<p>6.1.2.1 сандардың қатынасы ұғымын меңгеру;</p> <p>6.1.2.2 берілген қатынасқа кері қатынасты табу;</p> <p>6.1.2.3 пропорция анықтамасын білу;</p> <p>6.1.2.4 пропорцияларды ажырату және құрастыру;</p> <p>6.1.2.5 пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану;</p> <p>6.1.2.6 шамаларды берілген қатынаста бөлу;</p> <p>6.1.2.7 шамаларды берілген сандарға кері болатын пропорционал бөліктерге бөлу;</p> <p>6.1.2.8 бүтін сандарды салыстыру;</p> <p>6.1.2.9 координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу;</p> <p>6.1.2.10 бүтін сандарды координаталық түзу көмегімен қосу және азайтуды орындау;</p> <p>6.1.2.11 рационал сандардың ішкі жиындарын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу;</p> <p>6.1.2.12 рационал сандарды салыстыру;</p> <p>6.1.2.13 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау;</p> <p>6.1.2.14 рационал сандарды азайтуды орындау;</p> <p>6.1.2.15 рационал сандарды көбейтуді орындау;</p> <p>6.1.2.16 рационал сандарды бөлуді орындау;</p> <p>6.1.2.17 рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану;</p> <p>6.1.2.18 шектеулі ондық бөлшектер түрінде жазуға болатын жай бөлшектерді танып білу;</p> <p>6.1.2.19 рационал санды шектеусіз периодты ондық бөлшек түрінде көрсету;</p> <p>6.1.2.20 шектеусіз периодты ондық бөлшектің периодын табу;</p> <p>6.1.2.21 шектеусіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру;</p> <p>6.1.2.22 рационал сандармен арифметикалық амалдарды орындау;</p> <p>6.1.2.23 тура пропорционал тәуелділіктерді танып білу және мысалдар келтіру;</p> <p>6.1.2.24 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу</p>

<p>5.1.2.34 берілген санның пайызын табу; 5.1.2.35 бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және екінші санның бірінші санға пайыздық қатынасын табу; 5.1.2.36 берілген пайызы бойынша санды табу</p>	
2-бөлім. Алгебра	
1. Алгебралық өрнектер және түрлендірулер	
5.2.1.	6.2.1.
<p>5.2.1.1 қосу және көбейту амалдарының қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіру; 5.2.1.2 әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу</p>	<p>6.2.1.1 алгебралық өрнек ұғымын меңгеру; 6.2.1.2 айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу; 6.2.1.3 алгебралық өрнектегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 6.2.1.4 айнымалылардың қандай мәндерінде алгебралық өрнектің практикалық есептер мәнмәтіндіде мағынасы бар болатынын түсіну; 6.2.1.5 жақшаны ашу ережелерін білу; 6.2.1.6 коэффициент, ұқсас мүшелер ұғымдарының анықтамаларын білу; 6.2.1.7 алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау; 6.2.1.8 тепе-теңдік және тепе-тең түрлендіру анықтамаларын білу; 6.2.1.9 алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау; 6.2.1.10 теңдіктерден бір айнымалыны екінші айнымалы арқылы өрнектеу; 6.2.1.11 $a - b$ өрнегінің геометриялық мағынасын түсіну; 6.2.1.12 тура пропорционалдың формуласын білу және графигін салу; 6.2.1.13 сандармен байланысты есептер шығаруда $\overline{ab} = 10a + b$, $\overline{abc} = 100a + 10b + c$ жазуларын қолдану</p>
2. Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары	
5.2.2.	6.2.2.
<p>5.2.2.1 арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережесі негізінде теңдеулерді шешу; 5.2.2.2 теңдеудің шығарылуының дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану</p>	<p>6.2.2.1 тура санды теңдіктердің қасиеттерін білу және қолдану; 6.2.2.2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндел теңдеулердің анықтамаларын білу; 6.2.2.3 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу; 6.2.2.4 $x \pm a = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар; 6.2.2.5 тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін білу және қолдану; 6.2.2.6 теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді түсіну және қолдану; 6.2.2.7 сан аралықтарын жазу үшін белгілеулерді пайдалану; 6.2.2.8 сан аралықтарды кескіндеу; 6.2.2.9 сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табу; 6.2.2.10 $kx > b$, $kx \geq b$, $kx < b$, $kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу; 6.2.2.11 алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді $kx > b$, $kx \geq b$, $kx < b$, $kx \leq b$ түріндегі теңсіздіктерге келтіру; 6.2.2.12 теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу;</p>

	<p>6.2.2.13 теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу;</p> <p>6.2.2.14 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу;</p> <p>6.2.2.15 $x > a$, $x \geq a$, $x < a$, $x \leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу;</p> <p>6.2.2.16 екі айнымалысы бар теңдеудің анықтамасын және қасиеттерін білу;</p> <p>6.2.2.17 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі туралы түсінігінің болуы;</p> <p>6.2.2.18 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі реттелген сандар жұбы болатынын түсіну;</p> <p>6.2.2.19 теңдеулер жүйелесін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу</p>
3. Тізбектер және қосындылау	
5.2.3.	6.2.3.
<p>5.2.3.1 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын анықтау;</p> <p>5.2.3.2 натурал сандар тізбегінің жеткіліксіз элементтерін табу;</p> <p>5.2.3.3 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу;</p> <p>5.2.3.4 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау;</p> <p>5.2.3.5 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу</p>	
3-бөлім. Геометрия	
1. Геометриялық фигуралар туралы түсінік	
5.3.1.	6.3.1.
<p>5.3.1.1 өлшеудің түрлі ұзындық бірліктерін білу және координаталық сәуледегі бірлік кесінді дегенді түсіну;</p> <p>5.3.1.2 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері (центр, радиус, диаметр) ұғымдарын меңгеру;</p> <p>5.3.1.3 циркульдің көмегімен шеңберді салу;</p> <p>5.3.1.4 бұрыш және оның градусық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру,</p> <p>5.3.1.5 бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық);</p> <p>5.3.1.6 дөңгелек сектор ұғымын меңгеру;</p> <p>5.3.1.7 көпбұрыш ұғымын меңгеру;</p> <p>5.3.1.8 тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы туралы түсінігі болу</p>	<p>6.3.1.1 координаталық жазықтық ұғымын меңгеру;</p> <p>6.3.1.2 тік бұрышты координаталар жүйесін салу;</p> <p>6.3.1.3 $(x; y)$ реттелген сандар жұбы тікбұрышты координаталар жүйесінде нүктені беретінін және әрбір нүктеге нүктенің координаталары деп аталатын бір ғана реттелген сандар жұбының сәйкес болатынын түсіну;</p> <p>6.3.1.4 координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген нүктенің координаталарын табу;</p> <p>6.3.1.5 осьтік және центрлік симметрия ұғымдарын меңгеру;</p> <p>6.3.1.6 осьтік немесе центрлік симметриясы болатын фигуралар туралы түсінігі болуы;</p> <p>6.3.1.7 шар мен сфера туралы түсінігінің болуы</p>
2. Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы	
5.3.2.	6.3.2.
<p>5.3.2.1 фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару</p>	<p>6.3.2.1 параллель, қиылысатын, перпендикуляр түзулердің анықтамаларын білу;</p> <p>6.3.2.2 параллель, перпендикуляр түзулер мен кесінділерді ажырату;</p> <p>6.3.2.3 кесінділердің, сәулелер немесе түзулердің бір-бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табу;</p> <p>6.3.2.4 кескіні бойынша фигураны</p>

	ажырату, жазык және кеңістік фигураларын кескіндеу; 6.3.2.5 тік бұрышты координаталар жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы нүктелер мен фигураларды салу
3. Метрикалық қатыстар	
5.3.3.	6.3.3.
5.3.3.1 бұрышты транспортир көмегімен өлшеу; 5.3.3.2 градусық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу; 5.3.3.3 бұрыштың градусық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару	6.3.3.1 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу; 6.3.3.2 шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін білу; 6.3.3.3 шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану; 6.3.3.4 дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану
4. Векторлар және түрлендірулер	
5.3.4.	6.3.4.
	6.3.4.1 вектор анықтамасын білу және оны кескіндеу
4-бөлім. Статистика және ықтималдықтар теориясы	
1. Жиындар теориясы және логика элементтері	
5.4.1.	6.4.1.
5.4.1.1 жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдарын меңгеру; 5.4.1.2 жиындардың қиылысуы және бірігуі анықтамаларын білу; 5.4.1.3 берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу, нәтижесін \cup , \cap символдарын қолданып жазу; 5.4.1.4 ішкі жиын ұғымын меңгеру; 5.4.1.5 жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар)	
2. Комбинаторика негіздері	
5.4.2.	6.4.2.
	6.4.2.1 іріктеу тәсілмен комбинаторикалық есептерді шығару
3. Статистика және деректерді талдау	
5.4.3	6.4.3.
5.4.3.1 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу; 5.4.3.2 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу; 5.4.3.3 кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу	6.4.3.1 бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу; 6.4.3.2 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу
5-бөлім. Математикалық модельдеу мен талдау	
1. Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару	
5.5.1.	6.5.1.
5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару; 5.5.1.2 мәтінді есептерді шығаруда, ең үлкен ортақ бөлгіш пен ең кіші ортақ еселікті қолдану; 5.5.1.3 жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару (мысалы, бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептер және тағы басқа); 5.5.1.4 санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару;	6.5.1.1 шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару; 6.5.1.2 пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу; 6.5.1.3 картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану; 6.5.1.4 рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару; 6.5.1.5 қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару;

5.5.1.5 бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару; 5.5.1.6 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару; 5.5.1.7 Эйлер-Венн диаграммасын қолданып, есептер шығару; 5.5.1.8 әріпті өрнектерді құру және оларды есептер шығаруда қолдану; 5.5.1.9 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану	6.5.1.6 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару; 6.5.1.7 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу
2. Математикалық тіл және Математикалық модель	
5.5.2.	6.5.2.
5.5.2.1 жай бөлшектерді оқу және жазу; 5.5.2.2 натурал сандарды координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.3 жай бөлшектерді, аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.4 ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.5 ондық бөлшектерді оқу және жазу; 5.5.2.6 натурал сандарды салыстырудың нәтижесін $>$, $<$, $=$ белгілері арқылы жазу; 5.5.2.7 натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайды зерттеу; 5.5.2.8 жиындармен жұмыс істеуде \subset , \cup , \cap , \emptyset , \in , \notin символдарын қолдану; 5.5.2.9 жазық фигуралардың және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбаларын салу (текше және тік бұрышты параллелепипед)	6.5.2.1 екі санның қатынасын оқу және жазу; 6.5.2.2 пропорцияны оқу және жазу; 6.5.2.3 шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану; 6.5.2.4 мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру; 6.5.2.5 шамалар арасындағы тәуелділікке есептер шығару; 6.5.2.6 шамалар арасындағы тәуелділіктердің берілу тәсілдерін білу; 6.5.2.7 сипаттамасы бойынша тәуелділіктің формуласын жазу; 6.5.2.8 формуламен немесе графикпен берілген тәуелділіктердің кестесін құру; 6.5.2.9 формуламен және кестемен берілген тәуелділіктердің графиктерін салу; 6.5.2.10 шынайы процестердің графиктерін қолданып, шамалар арасындағы тәуелділіктерді табу және зерттеу; 6.5.2.11 тура пропорционал шамалардың арасындағы шынайы тәуелділіктердің графиктеріне талдау беру; 6.5.2.12 сипаттамасы бойынша тура пропорционалдың формуласын жазу; 6.5.2.13 тура пропорционалдың графикін салу

1-б-сыныптарға арналған «Математика» пәнінен оқу бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар:

- 1) оқыту мақсаттарын білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, қайта қарастыру;
- 2) оқыту мақсаттарын бағалауға болатындай редакциялау;
- 3) ұлттық құндылықтарды ескеру;
- 4) терминдерді бір жүйеге келтіру және т.б.;

4 «Алгебра» пәнінің құрылымы мен мазмұны

Негізгі орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру.

Негізгі орта білім берудің мазмұны оқу, жобалау және зерттеу іс-әрекеттерінің мақсатты ұйымдастырылған тәрбие жұмысымен үйлесімі арқылы іске асырылатын академиялық дайындықты, білім алушылардың дербестігін дамытуды және рухани-адамгершілік тәрбиені кіріктіру негізінде айқындалуы тиіс.

Негізгі орта білім берудің мазмұны мынадай бағдарларды ескере отырып айқындалады: 1) заманауи қоғамның серпінді сұраныстарына сәйкес болу; 2) сын тұрғысынан, шығармашылық және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі; 3) оқу пәндері мазмұнын кіріктіруді күшейтудің орындылығы; 4) бастауыш білім беру және негізгі орта білім беру деңгейлері арасындағы білім беру мазмұнының үздіксіздік және сабақтастық қағидатын сақтауды қамтамасыз ету; 5) білім беру мазмұнының академиялық және практикалық бағыттылығы арасындағы теңгерімді сақтау; 6) оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету [3].

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) қарапайым математиканың, статистиканың және ықтималдық теориясының негізгі ұғымдарын; сандар жіктелімін; нақты сандармен есептеу амалдарын; қарапайым математиканың негізгі формулаларын; функция ұғымын, оның қасиеттері мен графигін; алгебралық теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешу тәсілдерін; көпбұрыштар жіктелімін; жазық фигуралардың негізгі түрлерінің қасиеттерін және белгілерін; комбинаторика ережелерін; оқиға ықтималдығының классикалық, статистикалық және геометриялық анықтамаларын; статистикалық деректерді жинау және өңдеу әдістерін біледі;

2) математиканың академиялық тілін; санды стандартты түрде жазу тәсілін; квадрат үшмүшенің түбірлері мен коэффициенттері арасындағы байланысты; түрлі қолданбалы есептерді шешуде математикалық модельдерді пайдаланудың маңыздылығын; аксиома мен теорема сияқты математикалық категориялардың мағынасын; жазықтықтағы геометриялық салулар мен өлшемдердің қағидаттарын; таңдау және бас жиынтықтың сандық сипаттамаларының мағынасын; сандық және сапалық талдау жүргізудегі статистикалық деректерді графикалық түрде берудің рөлін түсінеді;

3) практикалық есептерді шешуде математикалық білімін; математикалық есептерді шешу алгоритмдерін; түпмәтінге сәйкес математикалық терминологияны; нақты сандарды есептеу амалдары; ауызша және жазбаша түрде дәл және жуықтап есептеуді; геометриялық есептерді шешуде жазық фигуралардың қасиеттерін; түрлі қолданбалы есептерді шешуде математикалық модельдерді; математикалық есептерді шешуде есептеу техникасын және бағдарламалық қамтылымды қолданады;

4) заңдылықтарды талдайды және олардың негізінде математикалық модельдер құрастырады; статистикалық деректердің берілуінің түрлі нысандарын пайдаланып, статистикалық деректерді; рационал және иррационал өрнектерге жасалған түрлендірулерді; теңдеулерді, теңсіздіктерді және олардың жүйелерін шешуді; геометриялық фигуралардың өзара орналасуын; функциялардың қасиеттерін; математикалық модельдер құрастыру үшін мәтіндік есептердің шарттарын; графика, диаграмма және әртүрлі сызбалар түрінде ұсынылған деректерді және олардың нәтижелерін талдайды;

5) математикалық есептерді шешудің алгоритмдерін; статистикалық деректерді өңдеу және талдау нәтижелері бойынша қорытындыларды; аксиомалар мен теоремалар арқылы дәлелді пікірлерді; геометриялық түрлендірулерді қолдана отырып құрастыру есептерін шешу тәсілдерін жинақтайды;

6) есептің түпмәтініне қатысты есептеулер нәтижесін; берілген параметрлердің мәндеріне байланысты функциялардың графиктерінің орналасуын; шамалардың жуық мәндерін және олардың стандартты түрде жазылуын; жүргізілген тәжірибелер санының артуына байланысты оқиға нәтижесінің абсолюттік және салыстырмалы жиілігін бағалайды.

Алгебра, 7-9-сыныптар

7-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мақсаты – «Алгебра» пәнінің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту [9].

Мақсатқа сәйкес келесі міндеттері анықталған:

1) «Сандар», «Алгебра», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

2) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

5) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

б) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

8) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту

7-9-сыныптардағы «Алгебра» оқу пәнінің мазмұны төрт бөлімді қамтиды: «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ».

«Сандар» бөлімі «Сандар және шамалар туралы түсініктер», «Сандарға амалдар қолдану»; «Алгебра» бөлімі «Алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру», «Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары», «Тізбектер және олардың қосындысы», «Тригонометрия»; «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі «Жиындар теориясы және логика элементтері», «Комбинаторика негіздері», «Ықтималдықтар теориясының негіздері», «Статистика және деректерді талдау»; «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімі «Математикалық анализ бастамалары», «Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару», «Математикалық тіл және математикалық модель» бөлімшелерінен тұрады.

7-9-сыныптардағы «Алгебра» пәнінің оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарының жүйесі 3-кестеде берілген.

3-кесте. Оқыту мақсаттарының жүйесі (7-9-сыныптар)

1-бөлім. Сандар		
1. Сандар және шамалар туралы түсініктер		
7.1.1.	8.1.1.	9.1.1.
7.1.1.1 сандарды стандарт түрде жазу	8.1.1.1 иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру; 8.1.1.2 санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату	9.1.1.1 бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 9.1.1.2 бірлік шеңбердің бойында $0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу
2. Сандарға амалдар қолдану		
7.1.2.	8.1.2.	9.1.2.
7.1.2.1 натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.2 санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау;	8.1.2.1 арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдану; 8.1.2.2 квадрат түбірдің мәнін бағалау;	9.1.2.1 градусы радианға және радианды градусқа айналдыру

<p>7.1.2.3 нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.4 бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету; 7.1.2.5 алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану; 7.1.2.6 көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 7.1.2.7 стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 7.1.2.8 стандарт түрде жазылған санның мәнді бөлігін және ретін табу; 7.1.2.9 стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру; 7.1.2.10 шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу; 7.1.2.11 шамалардың жуық мәндерін табу және оларды стандарт түрде жазу; 7.1.2.12 жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін есептеу; 7.1.2.13 калькулятордың көмегімен жуықтап есептеулерді орындау; 7.1.2.14 тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 7.1.2.15 натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану</p>	<p>8.1.2.3 көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу; 8.1.2.4 бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылту; 8.1.2.5 құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау; 8.1.2.6 нақты сандарды салыстыру</p>	
2-бөлім. Алгебра		
1.Алгебралық өрнектер және түрлендірулер		
7.2.1.	8.2.1.	9.2.1.
<p>7.2.1.1 санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану; 7.2.1.2 бірмүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу;</p>	<p>8.2.1.1 квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын меңгеру; 8.2.1.2 үшмүшеден екімүшенің толық квадратын бөлу; 8.2.1.3 квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу</p>	

<p>7.2.1.3 бірмүшені стандарт түрде жазу;</p> <p>7.2.1.4 бірмүшелерді көбейтуді орындау және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету;</p> <p>7.2.1.5 көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу;</p> <p>7.2.1.6 көпмүшені стандарт түрге келтіру;</p> <p>7.2.1.7 көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау;</p> <p>7.2.1.8 көпмүшені бірмүшеге көбейтуді орындау;</p> <p>7.2.1.9 көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау;</p> <p>7.2.1.10 $a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$, $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;</p> <p>7.2.1.11 $a^3 - b^3 = (a - b)(a^2 + ab + b^2)$, $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;</p> <p>7.2.1.12 алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу;</p> <p>7.2.1.13 көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау;</p> <p>7.2.1.14 алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу;</p> <p>7.2.1.15 қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау ;</p> <p>7.2.1.16 алгебралық бөлшектерді танып білу;</p> <p>7.2.1.17 алгебралық бөлшектегі айнымалылардың мүмкін мәндер жиынын табу;</p>		
--	--	--

<p>7.2.1.18 алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану: $\frac{ac}{bc} = \frac{a}{b}, b \neq 0, c \neq 0$;</p> <p>7.2.1.19 алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;</p> <p>7.2.1.20 алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау;</p> <p>7.2.1.21 құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау</p>		
2. Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелрі және жиынтықтары		
7.2.2.	8.2.2.	9.2.2.
	<p>8.2.2.1 квадрат теңдеудің анықтамасын білу;</p> <p>8.2.2.2 квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату;</p> <p>8.2.2.3 квадрат теңдеулерді шешу;</p> <p>8.2.2.4 Виет теоремасын қолдану;</p> <p>8.2.2.5 $ax^2 + bx + c = 0$; $ax^2 + b x + c = 0$ түріндегі теңдеулерді шешу;</p> <p>8.2.2.6 бөлшек-рационал теңдеулерді шешу;</p> <p>8.2.2.7 квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді шешу;</p> <p>8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу;</p> <p>8.2.2.9 рационал теңсіздіктерді шешу;</p> <p>8.2.2.10 біреуі сызықтық, екіншісі квадрат теңсіздік болатын екі теңсіздіктен құралған жүйелерді шешу;</p> <p>8.2.2.11 құрамында екі квадрат теңсіздігі бар жүйелер мен жиынтықтарды шешу</p>	<p>9.2.2.1 екі айнымалысы бар сызықтық және сызықтық емес теңдеулерді ажырату;</p> <p>9.2.2.2 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу;</p> <p>9.2.2.3 екі айнымалысы бар теңсіздіктерді шешу;</p> <p>9.2.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесін шешу</p>
3. Тізбектер және қосындылау		
7.2.3.	8.2.3.	9.2.3.
<p>7.2.3.1 құрамында дәрежесі бар сандар тізбегінің заңдылығын және жетіспейтін мүшелерін анықтау</p>		<p>9.2.3.1 сандар тізбегі туралы түсінік болу;</p> <p>9.2.3.2 тізбектің n-ші мүшесін табу, мысалы: $\frac{1}{2 \cdot 3}; \frac{1}{3 \cdot 4}; \frac{1}{4 \cdot 5}; \frac{1}{5 \cdot 6}; \dots$;</p> <p>9.2.3.3 математикалық индукция әдісін білу және қолдану;</p>

		<p>9.2.3.4 сандар тізбектерінің арасынан арифметикалық және геометриялық прогрессияны ажырату;</p> <p>9.2.3.5 арифметикалық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану;</p> <p>9.2.3.6 геометриялық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану;</p> <p>9.2.3.7 арифметикалық немесе/және геометриялық прогрессияларға байланысты есептер шығару;</p> <p>9.2.3.8 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру үшін қолдану;</p> <p>9.2.3.9 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын есептер шығаруда қолдану</p>
4. Тригонометрия		
7.2.4.	8.2.4.	9.2.4.
		<p>9.2.4.1 тригонометриялық функциялардың анықтамаларын білу;</p> <p>9.2.4.2 бірлік шеңбердегі нүктелердің координаталары ($\cos \alpha$, $\sin \alpha$) мен тригонометриялық функциялардың өзара байланысын білу;</p> <p>9.2.4.3 бұрыштардың қосындысы мен айырымының, жарты және қос бұрыштың тригонометриялық формулаларын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>9.2.4.4 келтіру формулаларын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>9.2.4.5 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;</p> <p>9.2.4.6 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын, бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын түсіндіру;</p> <p>9.2.4.7 тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге және</p>

		көбейтіндісін қосындыға немесе айырымға түрлендіру формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.2.4.8 тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау
3-бөлім. Статистика және ықтималдықтар теориясы		
1. Комбинаторика негіздері		
7.3.1.	8.3.1.	9.3.1.
		9.3.1.1 комбинаториканың ережелерін білу (қосу және көбейту ережелері); 9.3.1.2 санның факториалы анықтамасын білу; 9.3.1.3 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру анықтамаларын білу; 9.3.1.4 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын білу; 9.3.1.5 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын қолдана отырып есептер шығару; 9.3.1.6 Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттерін білу және қолдану
2. Ықтималдықтар теориясының негіздері		
7.3.2.	8.3.2.	9.3.2.
		9.3.2.1 оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға, қолайлы нәтижелер, тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар ұғымдарын меңгеру; 9.3.2.2 элементар және элементар емес оқиғаларды ажырату; 9.3.2.3 ықтималдықтың классикалық анықтамасын білу және есептер шығару үшін оны қолдану; 9.3.2.4 ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу; 9.3.2.5 геометриялық ықтималдықты есептер шығаруда қолдану
3. Статистика және деректерді талдау		
7.3.3.	8.3.3.	9.3.3.
7.3.3.1 басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгеру; 7.3.3.2 нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу;	8.3.3.1 таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру; 8.3.3.2 жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру;	

<p>7.3.3.3 статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету; 7.3.3.4 таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету; 7.3.3.5 кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру; 7.3.3.6 таңдама нәтижесін жиілік алқабы түрінде көрсету; 7.3.3.7 кесте немесе жиіліктер алқабы түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау</p>	<p>8.3.3.3 жинақталған жиілік анықтамасын білу; 8.3.3.4 статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпаратты талдау; 8.3.3.5 дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу</p>	
4-бөлім. Математикалық модельдеу мен талдау		
Математикалық анализ бастамалары		
7.4.1.	8.4.1.	9.4.1.
<p>7.4.1.1 функция және функцияның графигі ұғымдарын меңгеру; 7.4.1.2 функцияның берілу тәсілдерін білу; 7.4.1.3 функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынын табу; 7.4.1.4 $y = kx$ функциясының анықтамасын білу, графигін салу, k коэффициентіне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.5 $y = kx + b$ түріндегі сызықтық функцияның анықтамасын білу, оның графигін салу және графиктің k және b коэффициенттеріне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.6 сызықтық функция графигінің координата осьтерімен қиылысу нүктелерін графикті салмай табу; 7.4.1.7 $y = kx + b$ сызықтық функциясының графигінен k және b таңбаларын анықтау; 7.4.1.8 сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу; 7.4.1.9 графигі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу; 7.4.1.10 $y = ax^2$ ($a \neq 0$) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p>	<p>8.4.1.1 $y = \sqrt{x}$ функциясының қасиеттерін білу және оның графигін салу; 8.4.1.2 – $y = a(x - m)^2$, $y = ax^2 + n$ және $y = a(x - m)^2 + n, a \neq 0$, түрдегі квадраттық функциялардың қасиеттерін білу және графиктерін салу; 8.4.1.3 - $y = ax^2 + bx + c, a \neq 0$, түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін білу және графигін салу; 8.4.1.4 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу</p>	

7.4.1.11 $y = ax^3$ ($a \neq 0$) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;		
7.4.1.12 $y = \frac{k}{x}$ ($k \neq 0$) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу		
2. Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару		
7.4.2.	8.4.2.	9.4.2.
7.4.2.1 өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға байланысты есептер шығару; 7.4.2.2 мәтінді есептерді теңдеулер және теңсіздіктер құру арқылы шығару; 7.4.2.3 шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгертінін бағалау; 7.4.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу	8.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.2 мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.3 қолданбалы есептерді шығару үшін квадраттық функцияны қолдану	9.4.2.1 мәтінді есептерді теңдеулер жүйелері арқылы шығару; 9.4.2.2 геометриялық және арифметикалық прогрессияларға байланысты мәтінді есептерді шығару
3. Математикалық тіл және математикалық модель		
7.4.3.	8.4.3.	9.4.3.
7.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру	8.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру	9.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру

Геометрия, 7-9-сыныптар

7-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мақсаты – «Геометрия» пәнінің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту [9].

Мақсатқа сәйкес келесі міндеттері анықталған:

1) «Геометриялық фигуралар туралы түсінік», «Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы», «Метрикалық қатыстар», «Векторлар және түрлендірулер» бөлімшелері бойынша математикалық білім және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

2) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық

іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

5) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуға лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

6) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

8) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) қолдану дағдыларын дамыту.

7-9-сыныптардағы «Геометрия» оқу пәнінің мазмұны бір ғана бөлімді қамтиды.

«Геометрия» бөлімі «Геометриялық фигуралар туралы түсінік», «Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы», «Метрикалық қатыстар», «Векторлар және түрлендірулер» бөлімшелерінен тұрады.

7-9-сыныптардағы «Геометрия» пәнінің оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарының жүйесі 4-кестеде берілген.

4-кесте. Оқыту мақсаттарының жүйесі (7-9-сыныптар)

1-бөлім. Геометрия			
1.	7.1.1.	8.1.1.	9.1.1.
Геометриялық фигуралар туралы түсінік	7.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу; 7.1.1.2 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.3 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну: теореманың шарты мен қорытындысын ажырату; 7.1.1.4 теоремаларды дәлелдеу әдістерін білу: тура дәлелдеу және «кері жору» әдістері; 7.1.1.5 кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу;	8.1.1.1 көпбұрыш, дөңес көпбұрыш, көпбұрыш элементтері анықтамаларын білу; 8.1.1.2 көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындыларының және сыртқы бұрыштарының қосындыларының формулаларын қорытып шығару; 8.1.1.3 параллелограмм анықтамасын білу; 8.1.1.4 параллелограмм қасиеттерін қорытып шығару және қолдану; 8.1.1.5 параллелограмм белгілерін қорытып шығару және қолдану;	9.1.1.1 доға ұзындығының формуласын қорытып шығару және қолдану; 9.1.1.2 сектор мен сегмент ауданының формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.1.1.3 іштей сызылған бұрыш анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 9.1.1.4 дөңгелектегі кесінділердің пропорционалдылығы туралы теоремаларды білу және қолдану

<p>7.1.1.6 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.7 тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.8 кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын білу;</p> <p>7.1.1.10 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін дәлелдеу және қолдану;</p> <p>7.1.1.11 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу;</p> <p>7.1.1.12 үшбұрыштың медианасы, биссектрисасы, биіктігі, орта перпендикулярлары, орта сызығы анықтамаларын білу және оларды салу;</p> <p>7.1.1.13 үшбұрыштардың түрлерін ажырату;</p> <p>7.1.1.14 теңқабырғалы, теңбүйірлі, тікбұрышты үшбұрыштардың элементтерін білу;</p> <p>7.1.1.15 сүйір бұрышты, доғал бұрышты және тікбұрышты үшбұрыштардың биіктіктерінің орналасуын салыстыру;</p> <p>7.1.1.16 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын дәлелдеу;</p> <p>7.1.1.17 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын есептер шығаруда қолдану;</p> <p>7.1.1.18 үшбұрыштың сыртқы бұрышының анықтамасын білу және үшбұрыштың сыртқы</p>	<p>8.1.1.6 тіктөртбұрыш, ромб, шаршы анықтамаларын білу және олардың қасиеттері мен белгілерін қорытып шығару;</p> <p>8.1.1.7 Фалес теоремасын білу және қолдану;</p> <p>8.1.1.8 пропорционал кесінділер туралы теоремаларды білу және қолдану;</p> <p>8.1.1.9 циркуль мен сызғыштың көмегімен кесіндіні бірдей n бөлікке бөлу;</p> <p>8.1.1.10 пропорционал кесінділерді салу;</p> <p>8.1.1.11 трапецияның анықтамасын, түрлерін және қасиеттерін білу;</p> <p>8.1.1.12 үшбұрыштың орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану;</p> <p>8.1.1.13 трапецияның орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану</p>	
---	---	--

	<p>бұрышы туралы теореманы дәлелдеу; 7.1.1.19 үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы қолдану; 7.1.1.20 үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғалары арасындағы қатысты білу және есептер шығаруда қолдану; 7.1.1.21 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және дәлелдеу; 7.1.1.22 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығару мен дәлелдеулерде қолдану; 7.1.1.23 теңбүйірлі үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін қолдану; 7.1.1.24 теңқабырғалы үшбұрыштың қасиеттерін есептер шығаруда қолдану; 7.1.1.25 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін дәлелдеу; 7.1.1.26 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығаруда қолдану; 7.1.1.27 тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттерін қолдану; 7.1.1.28 шеңбер мен дөңгелектің және олардың элементтерінің (центр, радиус, диаметр, хорда) анықтамаларын білу; 7.1.1.29 центрлік бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану; 7.1.1.30 шеңбер диаметрі мен хордасының перпендикулярлығы туралы теоремаларды дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.31 нүктелердің геометриялық орнының анықтамасын білу; 7.1.1.32 перпендикуляр ұғымын біледі</p>		
2. Геометриялық фигура	7.1.2.	8.1.2.	9.1.2.
	7.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу		9.1.2.1 шеңберге іштей және сырттай сызылған

лардың өзара орнала суы	<p>аксиомаларын білу және қолдану (реттік аксиомасы);</p> <p>7.1.2.2 түзулердің параллельдік аксиомасын білу;</p> <p>7.1.2.3 екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштарды танып білу;</p> <p>7.1.2.4 түзулердің параллельдік белгілерін дәлелдеу;</p> <p>7.1.2.5 түзулердің параллельдік белгілерін есептер шығаруда қолдану;</p> <p>7.1.2.6 параллель түзулердің қасиеттерін дәлелдеу;</p> <p>7.1.2.7 параллель түзулердің қасиеттерін есептер шығаруда қолдану;</p> <p>7.1.2.8 перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы ұғымдарын меңгеру;</p> <p>7.1.2.9 нүктеден түзуге түсірілген перпендикулярдың біреу ғана болуы туралы теореманы дәлелдеу және қолдану;</p> <p>7.1.2.10 перпендикуляр түзулердің қасиеттерін білу және қолдану;</p> <p>7.1.2.11 шеңберге жүргізілген жанама мен қиюшының анықтамаларын білу;</p> <p>7.1.2.12 түзу мен шеңбердің, екі шеңбердің өзара орналасу жағдайларын талдау;</p> <p>7.1.2.13 есептер шығаруда шеңбер жанамасының қасиеттерін білу және қолдану;</p> <p>7.1.2.14 үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің анықтамаларын білу;</p> <p>7.1.2.15 үшбұрышқа сырттай және іштей сызылған шеңберлердің</p>		<p>төртбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін білу және қолдану;</p> <p>9.1.2.2 дұрыс көпбұрыштардың анықтамасын және қасиеттерін білу;</p> <p>9.1.2.3 дұрыс көпбұрыштарды салу;</p> <p>9.1.2.4 дұрыс көпбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары арасындағы байланысты білу және қолдану;</p> <p>9.1.2.5 дұрыс көпбұрыштың қабырғаларын, периметрін, ауданын және оған іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын байланыстыратын формулаларды білу және қолдану;</p> <p>9.1.2.6 үшбұрыш медианаларының қасиеттерін білу және қолдану</p>
-------------------------	---	--	--

	<p>центрлерінің орналасуын түсіндіру; 7.1.2.16 берілген бұрышқа тең бұрыш салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қақ бөлу; 7.1.2.17 кесіндінің орта перпендикулярын және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу; 7.1.2.18 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу</p>		
3.	7.1.3.	8.1.3	9.1.3.
Метри калық қатыс тар	7.1.3.1 үшбұрыш теңсіздігін білу және қолдану	<p>8.1.3.1 үшбұрыштың қабырғаларына жүргізілген медианалар, биссектрисалар, биіктіктер және орта перпендикулярлар қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.3.2 бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының қатыстары арқылы берілген анықтамаларын білу; 8.1.3.3 Пифагор теоремасын дәлелдеу және қолдану; 8.1.3.4 тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен гипотенузасына түсірілген биіктігінің қасиеттерін дәлелдеу және қолдану; 8.1.3.5 бұрышты оның синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің белгілі мәні бойынша салу; 8.1.3.6 тікбұрышты үшбұрышты 30°, 45°, 60° -қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін табу үшін қолдану; 8.1.3.7 тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін 30°, 45°, 60° -қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін қолдану; 8.1.3.8 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты</p>	<p>9.1.3.1 вектордың координаталарын табу; 9.1.3.2 вектордың ұзындығын табу; 9.1.3.3 координаталары мен берілген векторларға амалдар қолдану; 9.1.3.4 векторлардың скаляр көбейтіндісін және оның қасиеттерін білу және қолдану; 9.1.3.5 векторлар арасындағы бұрышты есептеу; 9.1.3.6 косинустар теоремасын білу және қолдану; 9.1.3.7 синустар теоремасын білу және қолдану; 9.1.3.8 іштей сызылған үшбұрыштың ауданын ($S = \frac{abc}{4R}$, мұндағы a, b, c – үшбұрыштың қабырғалары, R – сырттай сызылған шеңбер радиусы) және сырттай сызылған көпбұрыштың ауданының ($S = p \cdot r$, мұндағы r – іштей сызылған шеңбер радиусы, p – көпбұрыштың жарты периметрі) формуларын білу және қолдану; 9.1.3.9 шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштардың аудандарын пайдаланып шеңбердің радиусын табу</p>

	<p>үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу;</p> <p>8.1.3.9 көпбұрыш ауданының анықтамасы мен қасиеттерін білу;</p> <p>8.1.3.10 тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын білу;</p> <p>8.1.3.11 параллелограммның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>8.1.3.12 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>8.1.3.13 трапецияның ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>8.1.3.14 жазықтықта координаталары мен берілген екі нүктенің арақашықтықтығын есептеу;</p> <p>8.1.3.15 кесінді ортасының координаталарын табу;</p> <p>8.1.3.16 кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табу;</p> <p>8.1.3.17 центрі (a, b), радиусы r болатын шеңбердің теңдеуін $(x - a)^2 + (y - b)^2 = r^2$ білу;</p> <p>8.1.3.18 берілген теңдеуі бойынша шеңбер салу;</p> <p>8.1.3.19 түзудің жалпы теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазу: $ax + by + c = 0$, $\frac{x-x_1}{x_2-x_1} = \frac{y-y_1}{y_2-y_1}$;</p> <p>8.1.3.20 координаталармен берілген қарапайым есептерді шығару ;</p> <p>8.1.3.21 Пифагор теоремасын пайдаланып, $\sin^2\alpha + \cos^2\alpha = 1$ формуласын қорытып шығару және есептер шешуде қолдану;</p> <p>8.1.3.22 негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қорытып шығару және қолдану;</p>	<p>формулаларын білу және қолдану;</p> <p>9.1.3.10 синустар және косинустар теоремаларын үшбұрыштарды шешуде және қолданбалы есептерді шығаруда қолдану</p>
--	---	---

			8.1.3.23 α және $(90 - \alpha)$ бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі арасындағы байланыстарды білу және қолдану; 8.1.3.24 $\sin \alpha$, $\cos \alpha$, $tg \alpha$ және $ctg \alpha$ -ның мәндерін олардың біреуінің берілген мәні бойынша табу	
4. Векторлар және түрлендірулер	7.1.4.	8.1.4.	9.1.4.	
			<p>9.1.4.1 вектордың, коллинеар векторлардың, тең векторлардың, нөлдік вектордың, бірлік вектордың және вектор ұзындығының анықтамаларын білу;</p> <p>9.1.4.2 векторларды қосу, векторды санға көбейту ережелерін білу және қолдану;</p> <p>9.1.4.3 векторлардың коллинеарлық шартын қолдану;</p> <p>9.1.4.4 векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу;</p> <p>9.1.4.5 екі вектордың арасындағы бұрыштың анықтамасын білу;</p> <p>9.1.4.6 векторлардың скаляр көбейтіндісін табу;</p> <p>9.1.4.7 есептерді векторлық әдіспен шешу;</p> <p>9.1.4.8 қозғалыстың түрлерін, композициясын және олардың қасиеттерін білу;</p> <p>9.1.4.9 симметрия, параллель көшіру және бұру кезінде фигуралардың бейнелерін салу;</p> <p>9.1.4.10 жазықтықта түрлендіруді қолдана отырып есептер шығару;</p> <p>9.1.4.11 гомотетияның анықтамасын және қасиеттерін білу;</p> <p>9.1.4.12 гомотетия кезінде әртүрлі фигуралардың бейнелерін салу;</p> <p>9.1.4.13 ұқсас фигуралардың анықтамасын және қасиеттерін білу;</p> <p>9.1.4.14 үшбұрыштар ұқсастығы белгілерін білу және қолдану;</p> <p>9.1.4.15 тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығын білу және қолдану;</p> <p>9.1.4.16 үшбұрыш биссектрисасының қасиетін білу және қолдану;</p> <p>9.1.4.17 ұқсас фигуралардың аудандары және ұқсастық коэффициенті арасындағы тәуелділік формуласын білу</p> <p>9.1.4.18 дұрыс көпбұрыштардың симметрияларын білу;</p> <p>9.1.4.19 есептер шығаруда векторларды қолдану</p>	

10-11 сыныптар

Жалпы орта білім берудің мақсаты: кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады: 1) білімді функционалдықыпен және шығармашылықпен қолдану; 2) сын тұрғысынан ойлау; 3) зерттеу жұмыстарын жүргізу; 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану; 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін қолдану; 6) топта және жеке жұмыс жасау білігі; 7) мәселелерді шешуі және шешім қабылдау [3].

Жалпы орта білім беру деңгейінің нәтижесі ретіндегі кең ауқымды дағдылар білім алушыларға ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзіне үйлесімді үйлестіруге, кез келген өмірлік жағдайларда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетуге, сондай-ақ оқу және қолданбалы тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттері: 1) міндетті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытуды жүзеге асыру; 2) оқу пәндерін оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлерін үйлестіру негізінде жоғары оқу орындарына түсуге білім алушылардың академиялық дайындығын қамтамасыз ету; 3) рухани-адамгершілік қасиеттерін, коммуникативтік, әлеуметтік, зерттеушілік дағдыларын және проблемаларды сын тұрғысынан және шығармашылықпен ойлау негізінде шешу біліктігін мақсатты дамыту; 4) бітірушілерге олардың мүдделері мен қабілеттеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу; 5) бітірушілерге өмір бойы білім алуын жалғастыруға оң көзқарасының, өмірде мансаптық өсуі мен танымдық процесін реттеуге даярлығының қалыптасуына көмектесу болып табылады.

Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны білім алушыларды жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу мен дербестігін мақсатты дамыту үшін білім алушылардың академиялық дайындығын кіріктіру негізінде айқындалады.

Білім алушылардың академиялық дайындығы әлемді танудың ғылыми әдістерін меңгеруге бағытталған білімнің іргелілігін күшейтумен қамтамасыз етіледі.

«Алгебра және анализ бастамалары» және «Геометрия» оқу пәндерінің мазмұны білім алушылардың келесі білім алу деңгейінде табысты оқуы, сондай-ақ практикалық есептерді шешуі үшін қажетті математикалық білім жүйелері мен біліктерін және математикалық мәдениетті дамытуға бағытталған. Математика курсы адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудағы математиканың рөлін түсінумен қатар, функционалдық сауаттылығын, кеңістіктегі қиялын, абстрактілі, логикалық ойлауын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың қоршаған әлемнің математикалық заңдылықтары туралы түсініктерін жүйелеу және дамытуға, олардың математикалық құралдар мен әдістер тәжірибеде барлық білім салаларында құбылыстар мен процестерді сипаттау және зерттеуде қолданылатынын жете түсінулеріне бағытталған.

Оқу пәні мазмұнында жалпы зияткерлік және танымдық, оқу біліктерін одан әрі дамыту көзделген. Математикалық заңдылықтарды түсіну барысында гипотезаны тексеру және ұсыну проблемаларын тұжырымдау үшін салыстыру, саралау, тарату, талдау, жинақтау, дерексіздендіру, нақтылау сияқты біліктер қолданылады.

Оқу пәнінің мазмұны мектептегі математика курсының тақырыптарын қамтитын математиканың негізгі бөлімдерінен тұрады: «Сан», «Алгебра»,

«Статистика және ықтималдық теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ», «Геометрия».

«Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия» пәндері бойынша жалпы орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) көрсеткішті, логарифмдік функциялардың анықтамаларын, олардың қасиеттерін және графиктерін; күрделі функция ұғымын; кері функция ұғымын; кері тригонометриялық функциялардың анықтамаларын; тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістерін; рационал және иррационал теңдеулерді шешу әдістерін; рационал теңсіздіктерді шешу тәсілдерін; көпжақтар мен айналу денелерінің түрлерін және олардың жазбаларын; көпжақтар және айналу денелерінің аудандары мен көлемдерінің формулаларын; стереометрия аксиомалары мен олардың салдарларын; кеңістіктегі вектор ұғымын; сфераның теңдеуін; статистиканың негізгі ұғымдарын; дискретті және үзіліссіз кездейсоқ шамалар ұғымдарын; функцияның нүктедегі және шексіздіктегі функция шегінің анықтамаларын; нүктедегі және жиындағы функция үзіліссіздігінің анықтамаларын; функцияның туындысының анықтамасын; функцияның графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін; алғашқы функцияның, анықталмаған және анықталған интегралдың алғашқы функцияларының анықтамаларын; анықталған интегралдың көмегімен жазық фигураның ауданын және дененің көлемін табу формулаларын біледі.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша иррационал теңсіздіктерді шешу әдістерін; ықтималдықтарды қосу және көбейту формулаларын; Бернуллі формуласын; дискретті кездейсоқ шамалардың таралу түрлерін; кеңістіктегі түзудің және жазықтықтың теңдеулерін; функцияның дифференциалының анықтамасын біледі;

2) бір айнымалысы бар көпмүшенің стандарт түрде жазылуын; «бас жиынтық», «таңдама», «дисперсия», «стандартты ауытқу» терминдерін; туындының геометриялық және физикалық мағыналарын; интегралдауды дифференциалдауға кері процесс ретінде; стереометрияның аксиомалар жүйесін және аксиомадан шығатын салдарды, геометриялық есептердің дәлелдеу тәсілдерін және шешімдерін түсінеді.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша координаталар әдісінің мәнін; алмастырулар саны, теру, қайталанбалы орналастыру формулаларының мәнін түсінеді;

3) тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу алгоритмдерін; иррационал теңдеулерді шешу алгоритмін; қарапайым стереометриялық сызбаларды орындау техникасын; есептерді шығаруда түзулердің параллель, айқас және перпендикуляр болуының, жазықтықтардың параллель және перпендикуляр болуының белгілері мен қасиеттерін; геометриялық денелердің беттерінің аудандары мен көлемдерін табу формулаларын; геометриялық есептерді шешуде векторларға қолданылатын амалдар ережелерін; векторлардың коллинеарлық және компланарлық шарттарын; функцияның күдікті нүктелері мен экстремум нүктелерін, кему және өсу аралықтарын табу тәсілдерін; туындыны табуда

дифференциалдау техникасы мен туындылар кестесін; анықталған интегралды табуда интегралдар кестесі мен Ньютон-Лейбниц формуласын қолданады.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша: иррационал теңсіздіктерді шешу алгоритмдерін; жуықтап есептеулер үшін Ньютон биномын; Бернулли формуласын; функция графигінің асимптоталарын табу тәсілдерін қолданады;

4) кеңістіктегі түзулердің, түзу мен жазықтықтың, жазықтықтардың, жазықтық пен айналу денелерінің өзара орналасуын; айналу денелерінің жазықтықпен қимасын; графигі бойынша функцияның қасиеттерін талдайды; геометриялық және физикалық мазмұндағы есептерді талдайды және ол есептерді туындының және/немесе интегралдың көмегімен шығарады; кездейсоқ шамалардың типтерінің өзгешеліктерін талдайды және дискретті кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын есептейді.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша: көпжақтардың (текше, тікбұрышты параллелепипед, пирамида) жазықтықпен қимасын талдайды;

5) тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің түрлі әдістерін; иррационал теңдеулерді шешудің әдістерін; көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларының модельдерін; нақты құбылыстар мен процестердің ықтималдық модельдерін жинақтайды.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша оқиға ықтималдығын табуға арналған комбинаторика формулаларын; иррационал теңсіздіктерді шешудің түрлі тәсілдерін; кері тригонометриялық функциялардың анықтамалары және өзара кері функциялардың қасиеттері негізінде кері тригонометриялық функциялардың қасиеттерін жинақтайды;

6) тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктердің шешімдерін; иррационал теңдеулердің шешімдерін; статистикалық мәліметтердің вариацияларының көрсеткіштері мәндерін бағалайды.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша иррационал теңсіздіктердің шешімдерін бағалайды.

Алгебра және анализ бастамалары, 10-11-сыныптар

10-11-сыныптардағы «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәнінің мазмұны төрт бөлімді қамтиды: «Сандар», «Алгебра», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» [9].

«Сандар» бөлімі «Сандар және шамалар туралы түсініктер», «Сандарға амалдар қолдану»; «Алгебра» бөлімі «Алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру», «Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары», «Тригонометрия»; «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі «Комбинаторика негіздері», «Ықтималдықтар теориясының негіздері», «Статистика және деректерді талдау»; «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімі «Математикалық анализ бастамалары», «Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару», «Математикалық тіл және математикалық модель» бөлімшелерінен тұрады.

10-11-сыныптардағы «Алгебра және анализ бастмалары» пәнінің оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарының жүйесі 5-кестеде берілген.

5-кесте. Оқыту мақсаттарының жүйесі (10-11-сыныптар)

1-бөлім. «Сандар»	
1. Сандар және шамалар туралы түсініктер	
10-сынып	11-сынып
10.1.1.	11.1.1.
	11.1.1.1 комплекс санның және оның модулінің анықтамаларын білу; 11.1.1.2 комплекс санды комплекс жазықтықта кескіндей алу; 11.1.1.3 түйіндес комплекс сандар анықтамасы мен олардың қасиеттерін білу;
2. Сандарға амалдар қолдану	
10.1.2.	11.1.2.
	11.1.2.1 алгебралық түрде берілген комплекс сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 11.1.2.2 алгебралық түрдегі комплекс санды бүтін дәрежеге шығарғанда i^n мәнінің заңдылығын қолдану; 11.1.2.3 комплекс санның квадрат түбірін таба алу; 11.1.2.4 квадрат теңдеулерді комплекс сандар жиынында шешу; 11.1.2.5 алгебраның негізгі теоремасын және оның салдарларын білу
2-бөлім. «Алгебра»	
1. Алгебралық өрнектер және түрлендірулер	
10.2.1.	11.2.1.
10.2.1.1 - бірнеше айнымалысы бар көпмүшенің анықтамасын білу және оны стандарт түрге келтіру, стандарт түрдегі көпмүшенің дәрежесін анықтау; 10.2.1.2 - симметриялы және біртекті көпмүшелерді танып білу; 10.2.1.3 - бір айнымалысы бар көпмүшелерді ажырата және оны стандарт түрге келтіре алу; 10.2.1.4 - бір айнымалысы бар көпмүшенің бас коэффициентін, дәрежесін және бос мүшесін табу; 10.2.1.5 - көбейткіштерге жіктеу әдісі арқылы бір айнымалысы бар көпмүшенің түбірлерін табу; 10.2.1.6 - көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу үшін $x^n - a^n, x^{2n+1} + a^{2n+1}, n \in N$ формулаларын қолдану; 10.2.1.7 - көпмүшені көпмүшеге «бұрыштап» бөлуді орындау; 10.2.1.8 - Безу теоремасын және оның салдарларын есеп шығаруда қолдану; 10.2.1.9 - симметриялы және біртекті көпмүшелер түбірлерін табудың түрлі тәсілдерін қолдану; 10.2.1.10 - көпмүше түбірлерін табу үшін Горнер схемасын қолдану;	11.2.1.1 - n -ші дәрежелі түбір және n -ші дәрежелі арифметикалық түбір анықтамасын білу; 11.2.1.2 - n -ші дәрежелі түбір қасиеттерін білу; 11.2.1.3 - рационал көрсеткішті дәреже анықтамасын және қасиеттерін білу; 11.2.1.4 - алгебралық өрнектерді түрлендіру үшін рационал көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану; 11.2.1.5 - иррационал өрнектерді түрлендіру үшін n -ші дәрежелі түбір қасиеттерін қолдану;

<p>10.2.1.11 - бір айнымалысы бар бүтін коэффициентті көпмүшенің рационал түбірі туралы теореманы оның түбірлерін табуда қолдану; 10.2.1.12 - жалпыланған Виет теоремасын білу және оны үшінші ретті көпмүшелерге қолдану; 10.2.1.13 - анықталмаған коэффициенттер әдісін білу және оны көпмүшені көбейткіштерге жіктеуде қолдану</p>	
<p>2. Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары</p>	
<p>10.2.2.</p>	<p>11.2.2.</p>
